В настоящее время известно несколько генов повышенного (*BRCA1*, *BRCA2*, *TP53*, *PTEN*) и умеренного (*CHEK2*, *ATM*, *BRIP1* и *PALB2*) риска РМЖ [1, 2, 3]. Исследования других генов как кандидатов РМЖ в различных популяциях и этнических группах поможет расширить этот список, а, следовательно, и новых мишеней для лечения заболевания.

Ассоциативные геномные исследования (GWAS), широко используемые для выявления ассоциаций генов с многофакторными заболеваниями, проводимые среди европейских и азиатских популяций, выявляют новые гены предрасположенности к РМЖ. Крупные GWAS исследования Lindstrom S. et al. [4], Turnbull C. et al. [5], Cai Q. et al. [6], азиатских и европейских популяций указывают на ассоциацию относительно недавно описанного гена *ZNF365* с такими предраковыми состояниями как низкая плотность молочных желез, а также риском РМЖ.

Ген *ZNF365* был обнаружен Gianfrancesco F. et al. [7] среди заболевших почечнокаменной болезнью в итальянской деревне. Свое название он получил благодаря наличию C2H2 домену, принадлежащего семейству «цинковых пальцев». Ген *ZNF365* участвует не только в развитии почечнокаменной болезни, он, благодаря наличию цинкового домена, выступает в качестве транскрипционного фактора гена *TP53* при дисфункции теломер. Потеря функций *ZNF365*, как указывает Zhang Y., приводит к неполной репликации ломких сайтов хромосом и теломер, аномальному расхождению сестринских хроматид и увеличению анеуплоидии [8]. Исследуемый ген играет важную роль в процессе гомологичной рекомбинации, митотическом делении, динамике centrosом и восстановлении репликативной вилки при стрессовых состояниях клетки. Помимо этого, экспрессия *ZNF365* подавляется при трижды-негативном типе РМЖ [9]. Исследование носителей мутаций *BRCA2* показывает, что ген *ZNF365* может выступать геном риска РМЖ [10].

Целью исследования было проведение ассоциативного анализа двух вариабельных участков *rs10995190* и *rs10761659* гена *ZNF365* с РМЖ в казахской и русской этнических группах Казахстана.

МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ

Объект исследования

В популяционное исследование методом случай-контроль включили 625 образцов женщин, больных раком молочной железы, полученных на базе Казахского НИИ онкологии и радиологии и Алматинского онкологического диспансера г. Алматы, собранных в течение 2011-2014 годов. Диагноз пациентов подтвержден иммуногистохимически. В качестве контроля использовали 692 образца практически здоровых женщин-доноров без РМЖ в семейном анамнезе, полученные в Городском центре крови г. Алматы. Каждый пациент и донор был проинформирован о проведении исследований.

Выделение ДНК

Выделение геномной ДНК из образцов периферической крови проведено с использованием набора QIAamp DNA Blood Mini Kit (QIAGEN, США) по прилагающимся протоколам.

Генотипирование участков гена *ZNF365*

Для выявления генотипов использовали метод анализа полиморфизма длин рестрикционных фрагментов (ПДРФ) продуктов полимеразной цепной реакции (ПЦР). Для определения однонуклеотидных замен в участках *rs10995190* и *rs10761659* использовали прямой и обратный праймеры (таблица 1). ПЦР смесь содержала от 50 до 200 нг геномной ДНК, ПЦР буфера (60 мМ Трис-НСl (рН 8,5); 25 мМ КСl; 1,5-3,0 мМ MgCl₂; 0,1% Тритон X-100; 10 мМ 2-меркаптоэтанола), 10 мМ дезоксинуклеотид трифосфатов, по 4 пМ каждого из праймеров (dATP, dGTP, dCTP, dTTP) и одну ед. Taq ДНК-полимеразы (Сибэнзим, Россия). Условия амплификации указаны в таблице 1. Размеры ПЦР-ПДРФ продуктов указаны в таблице 2. Рестрикционный анализ проводился с использованием одной единицы фермента (Сибэнзим, Россия) (таблица 2).

Таблица 1. Последовательность праймеров и условия амплификации исследуемых участков.

Участок	Праймеры	Условия амплификации
<i>ZNF365 rs10995190</i>	F 5'-CAATGGTTGTGTCCAAGTGC-3' R 5'-GGGTGGCTGAACCTTTCAT-3'	94°C-5 мин, 35 цик. (94°C-30 с, 65,5°C-30 с, 72°C-40 с), 72°C-5 мин.
<i>ZNF365 rs10761659</i>	F 5'-GGATTCTTCGGATGATGAGG-3' R 5'-AGTCAAAGAGGAGGGCGTTT-3'	95°C-3 мин, 35 цик. (95°C-30 с, 64°C-30 с, 72°C-40с), 72°C-5 мин.

F – прямой праймер, R – обратный праймер.

Разделение продуктов ПЦР реакции проводилось методом электрофореза в 8% полиакриламидном геле, с окраской в бромистом этидии и визуализацией в ультрафиолетовом свете.

Таблица 2. Размер ПЦР продукта, размеры рестрикционных фрагментов и эндонуклеаза рестрикции исследуемых участков.

Участок	Размер продукта	ПЦР	Размер рестрикционных фрагментов	Эндонуклеаза рестрикции
<i>ZNF365 rs10995190</i>	182 пн.		G аллель – 182 пн. А аллель – 154, 28 пн.	<i>AcsI</i>
<i>ZNF365 rs10761659</i>	224 пн.		G аллель – 160, 64 пн. А аллель – 224 пн.	<i>Bst4CI</i>

пн. – последовательность пар нуклеотидов.

Статистический анализ

Статистический анализ проводился с использованием программы Statistica 5.0. Сравнение частот аллелей и распределение генотипов проводилось с использованием стандартного критерия Пирсона (χ^2). Для отклонения нулевой гипотезы принимали уровни значимости $p < 0,05$, что считалось статистически достоверным. Ассоциацию между заболеванием и аллелями/генотипами оценивали при помощи показателя отношения шансов (ОШ) с 95% доверительным интервалом (ДИ).

РЕЗУЛЬТАТЫ И ОБСУЖДЕНИЕ

В данной работе проведено исследование вариабельности двух участков *rs10995190* и *rs10761659* гена *ZNF365* с последующим сравнением частот аллелей и распределения генотипов в группе пациентов и контроле с учетом этнической принадлежности. Распределение генотипов и частот аллелей соответствовало равновесию Харди-Вайнберга. Результаты статистического анализа данных участков представлены в таблицах 3 и 4.

Группу пациентов, страдающих раком молочной железы (группа случая) составили 368 и 253 женщины казахской и русской этнической группы, соответственно. В контрольную группу сравнения вошли 389 здоровых женщин казахской этнической группы и 306 русской этнической группы. Средний возраст группы случая составил 50,9 казахской и 56 русской этнических групп (возраст 24-73 лет) и группы контроля 49,2 и 49,7 казахской и русской этнических групп, соответственно (возраст 40-83 лет).

Как следует из данных, приведенных в таблице 3, для полиморфизма в участке *rs10995190* выявлена статистически достоверная ассоциация с РМЖ в казахской этнической группе. Статистически достоверные различия наблюдались при сравнении распределений генотипов ($p=0,04$) и по частотам аллелей ($p=0,03$) (табл. 3). В русской этнической группе не было выявлено статистически достоверных различий в частотах аллелей и распределении генотипов.

Таблица 3. Распределение частот аллелей и генотипов в участке *rs10995190*.

Аллели/ Генотипы	Казахская этническая группа			Отношение шансов (ДИ)	Русская этническая группа			Отношение шансов (ДИ)
	Случай (n=368)	Контроль (n=389)	<i>p</i>		Случай (n=253)	Контроль (n=306)	<i>p</i>	
G	0,931	0,898	0,03	1,52 (1,05-2,19)	0,824	0,837	0,58	0,92 (0,67-1,25)
A	0,069	0,102		0,66 (0,46-0,95)	0,176	0,163		1,09 (0,80-1,50)
GG	0,872	0,807	0,04	1,63 (1,10-2,42)	0,688	0,693	0,36	0,98 (0,68-1,40)
GA	0,117	0,183		0,59 (0,39-0,89)	0,273	0,288		0,93 (0,64-1,35)
AA	0,011	0,010		1,06 (0,26-4,26)	0,040	0,020		2,06 (0,74-5,74)

Выявлено, что частота референсного аллеля G значительно выше частоты эффекторного аллеля А (0,898 и 0,102 в казахской этнической группе, 0,837 и 0,163 – в русской этнической

группе) в группе контроля. Это обуславливает статистически доказанную достоверность ассоциации данного участка с РМЖ. Аллель G наиболее часто встречающийся референсный аллель по данным базы данных NCBI (National Center of Biotechnology Information). Глобальная частота минорного аллеля A по данным той же базы данных составляет 0,111, что близко к частоте встречаемости данного аллеля в казахской этнической группе (0,102) в настоящем исследовании. По данным международной базы данных HarMap (Harplotype Map) частота встречаемости аллеля A среди европейской популяции (CEU) составляет 0,128, в популяции китайцев (HCB) – 0,047, популяции японцев (JPT) – 0,052. Данные показывают близость русской этнической группы к популяции европейцев, а казахской этнической группы к азиатской популяции [11].

В соответствии со значениями отношения шансов развития заболевания, приведенных в таблице 3 видно, что данный участок может являться потенциальным фактором риска РМЖ. Однако для разных этнических групп аллель риска различна. Так для казахской этнической группы аллелью риска может являться G: ОШ=1,52; 95%ДИ:1,05-2,19. Но для русской этнической группы - аллелью риска A: ОШ=1,09; 95%ДИ:0,80-1,50. Похожая закономерность выявляется и при расчете ОШ для распределения генотипов: GG - ОШ=1,63; 95%ДИ:1,10-2,42 для казахской этнической группы и AA - ОШ=2,06; 95%ДИ:0,74-5,74 для русской этнической группы.

Полученные нами результаты коррелируют с другими исследованиями данного варибельного участка. GWAS исследования ассоциаций различных генов с заболеваниями [12] показывают связь участка *rs10995190* гена *ZNF365* с риском развития РМЖ и плотностью молочной железы, выявляемой при маммографии. Исследование, проведенное путем объединения данных GWAS, HarMap и различных мета-анализов показали связь данного участка с повышением процента плотных участков молочной железы с достоверностью $p=1,49 \times 10^{-16}$. Поиск ассоциации участка *rs10995190* с зоной плотности и процентом плотности тканей молочных желез, проведенный в мета-анализе [4] с 62 533 случаями РМЖ и 60 976 контролей, показывает высокий уровень достоверности ($p=1,50 \times 10^{-37}$).

Группа ученых (Lindstrom S. et al.) в своей статье обращают внимание на то, что варибельный участок *rs10995190* гена *ZNF365* ассоциирован с РМЖ [3]. Мета-анализ, проведенный с использованием данных пяти GWAS показывает, что эффекторный аллель A данного участка ассоциирован с низким уровнем плотности молочной железы, выявляемой при маммографии ($p=0,0004$) в одной фазе исследования. Общий результат после двух фаз исследовательский составил $p=9,6 \times 10^{-10}$.

GWAS исследования популяции женщин Великобритании также подтверждают ассоциацию *rs10995190* с РМЖ ($p=6,1 \times 10^{-8}$ на стадии 1; $p=1,4 \times 10^{-8}$ на стадии 2; $p=5,1 \times 10^{-15}$ - общее значение p) [5].

В своем исследовании 20 генетических локусов, основанном на данных четырех GWAS исследований азиатской популяции (Cai Q. et al.) указывают на отсутствие ассоциации с РМЖ изучаемого нами участка в китайской популяции, но показывают связь участка *rs10822013*, близко расположенного к участку *rs10995190*, с РМЖ [6].

Риск развития РМЖ у носителей мутаций генов *BRCA1* и *BRCA2* показан для ряда популяций [13, 14, 15, 16]. Показана взаимосвязь носительниц мутаций *BRCA2G>A* с участком *rs10995190* в гене *ZNF365*. Показано, что у носителей указанной мутации повышается риск РМЖ с достоверностью $p=0,019$ [17].

В участке *rs10761659* не выявлено статистически достоверных различий при сравнении групп случая и контроля в распределении генотипов и частот аллелей как в казахской так и русской этнических группах (таблица 4). Это позволяет судить об отсутствии ассоциации данного участка с РМЖ в обеих этнических группах.

Таблица 4. Распределение частот аллелей и генотипов в участке *rs10761659*.

Аллели/ Генотипы	Казахская этническая группа			Русская этническая группа				
	Случай (n=372)	Контроль (n=384)	<i>p</i>	Отношение шансов (ДИ)	Случай (n=253)	Контроль (n=301)	<i>p</i>	Отношение шансов (ДИ)
A	0,285	0,276	0,7	1,05 (0,84-1,31)	0,377	0,380	0,92	0,99 (0,77-1,26)
G	0,715	0,724		0,96 (0,76-1,20)	0,623	0,620		1,01 (0,79-1,29)
AA	0,086	0,073	0,8	1,20	0,158	0,150	0,86	1,07

			(0,71-2,03)				(0,67-1,70)
AG	0,398	0,406	0,97 (0,72-1,29)	0,439	0,462	0,91 (0,65-1,28)	
GG	0,516	0,521	0,98 (0,74-1,31)	0,403	0,389	1,06 (0,75-1,50)	

В варибельном участке *rs10761659* не выявлено значительного повышения частоты референсного аллеля А по сравнению с эффекторным аллелем G (0,380 и 0,620 соответственно) для русской этнической группы. На близкие к этим данные указывает, и глобальная частота минорного аллеля G равная 0,479. В распределении генотипов выявлена закономерность повышения частоты гетерозиготных вариантов гена, как в группе случая (AA=0,158; AG=0,439; GG=0,403) так и в группе контроля (AA=0,150; AG=0,462; GG=0,389) для русской этнической группы. Однако выявленные отличия не удовлетворяют 95% критерию статистической значимости и уровню достоверности. По данным HarMap частота гетерозигот, по сравнению с гомозиготными вариантами, также повышена и в европейской популяции (CEU) - AA=0,159; AG=0,57; GG=0,265; в популяции китайцев (HCB) - AA=0,047; AG=0,256; GG=0,698; популяции японцев (JPT) - AA=0,047; AG=0,453; GG=0,500 [18].

Данные, свидетельствующие о наличии ассоциации этого участка с РМЖ в других популяциях, не найдены.

Полученные в данном исследовании результаты указывают на возможный вклад варибельного участка *rs10995190* гена *ZNF365* в развитие РМЖ среди женщин в казахской этнической группе. Эти данные подтверждаются результатами GWAS и мета-анализов. Приведенные в исследовании данные демонстрируют различия в наличии или отсутствии ассоциации исследованных участков с РМЖ в зависимости от этнической принадлежности, что указывает на необходимость ее при диагностике и прогнозировании заболевания.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Nathanson K.L., Wooster R., Weber B.L. Breast cancer genetics: what we know and what we need. // Nat. Med. 2001. - V.7. - N.5. - P.552-556.
- [2] Antoniou A. et al. Average risks of breast and ovarian cancer associated with BRCA1 or BRCA2 mutations detected in case Series unselected for family history: a combined analysis of 22 studies. // Am. J. Hum. Genet. - 2003. - V.72. - P.1117-1130.
- [3] Iau P.T., Macmillan R.D., Blamey R.W. Germ line mutations associated with breast cancer susceptibility. // Europ. J. Cancer. - 2001. - V.37. - P.300-321.
- [4] Lindstrom S., Thompson D. J., Paterson A. D., Li J., et al. Genome-wide association study identifies multiple loci associated with both mammographic density and breast cancer risk. // Nature Communication. - 2014. - N.5:5303. - P.1-7.
- [5] Turnbull C., Morrison S.A.J., Pernet D., et al. Genome-wide association study identifies five new breast cancer susceptibility loci. // Nature Genetics. - 2010. - V.42. - N.6. - P. 504-507.
- [6] Cai Q., Long J., Lu W., Qu S., et al. Genome-wide association study identifies breast cancer risk variant at 10q21.2: results from the Asia Breast Cancer Consortium. // Human Molecular Genetics. - 2011. - V.20. - N.24. - P.4991-4999.
- [7] Gianfrancesco F., Esposito T., Ombra M.N., Forabosco P. Identification of a Novel Gene and a Common Variant Associated with Uric Acid Nephrolithiasis in a Sardinian Genetic Isolate. // Am. J. Hum. Genet. - 2003. - N.72. - P.1479-1491.
- [8] Zhang Y., Shin S.J., Liu D., Ivanova E. ZNF365 promotes stability of fragile sites and telomeres. // Cancer Discov. - 2013. - V.3. - N.7. - P. 798-811.
- [9] Zhang Y., Park E., Kim C.S., Paik Ji-hye. ZNF365 promotes stalled replication forks recovery to maintain genome stability. // Cell Cycle. - 2013. - V.12. - N.17. - P. 2817-2828.
- [10] Gaudet M.M., Kirchhoff T., Green T., Vijai J., Korn J.M., Guiducci C., et al. Common genetic variants and modification of penetrance of BRCA2-associated breast cancer. // PLoS genetics. - 2010. - V.6. - N.10. - e.1001183.
- [11] http://www.ncbi.nlm.nih.gov/projects/SNP/snp_ref.cgi?rs=10995190
- [12] Lindstrom S., Vachon C.M., Li J., Varghese J., Thompson D., et al. Common variants in ZNF365 are associated with both mammographic density and breast cancer risk. // Nature Genetics. - 2011. - V.43. - N.3. - P. 185-187.
- [13] Ahn S.H., Hwang U.K., Kwak B.S. et al. Prevalence of BRCA1 and BRCA2 mutations in Korean breast cancer patients. // J. Korean Med. Science. - 2004. - V.19. - N.2. - P.269-274.
- [14] Kadouri L., Hubert A., Rotenberg Y. et al. Cancer risks in carriers of the BRCA1/2 Ashkenazi founder mutations. // J. Med. Genet. - 2007. - V.44. - P.467-471.
- [15] Capalbo C., Ricevuto E., Vestri A. et al. BRCA1 and BRCA2 genetic testing in Italian breast and/or ovarian cancer families: mutation spectrum and prevalence and analysis of mutation prediction models. // Ann. Oncol. - 2006. - V.17. - P.34-40.
- [16] Vaidyanathan K., Lakhotia S., Ravishankar H. BRCA1 and BRCA2 germline mutation analysis among Indian women from south India: identification of four novel mutations and high-frequency occurrence of 185delAG mutation. // J. Bioscience. - 2009. - V.34. - N.3. - P.415-422.
- [17] Antoniou A.C., Kuchenbaecker K.B., Soucy P., Beesley J., et al. Common variants at 12p11, 12q24, 9p21, 9q31.2 and in ZNF365 are associated with breast cancer risk for BRCA1 and/or BRCA2 mutation carriers. // Breast Cancer Research. - 2012. - V.14. - N.1. - P.1-18.
- [18] http://www.ncbi.nlm.nih.gov/projects/SNP/snp_ref.cgi?rs=10761659

REFERENCES

- [1] Nathanson K.L., Wooster R., Weber B.L. Breast cancer genetics: what we know and what we need. *Nat. Med.*, **2001**, V.7, N.5, P.552-556. (in Eng.)
- [2] Antoniou A. et al. Average risks of breast and ovarian cancer associated with BRCA1 or BRCA2 mutations detected in case Series unselected for family history: a combined analysis of 22 studies. *Am. J. Hum. Genet.*, **2003**, V.72, P.1117-1130. (in Eng.)
- [3] Iau P.T., Macmillan R.D., Blamey R.W. Germ line mutations associated with breast cancer susceptibility. *Europ. J. Cancer*, **2001**, V.37, P.300-321. (in Eng.)
- [4] Lindstrom S., Thompson D. J., Paterson A. D., Li J., et. al. Genome-wide association study identifies multiple loci associated with both mammographic density and breast cancer risk. *Nature Communication*, **2014**, N.5:5303, P.1-7, doi: 10.1038/ncomms6303. (in Eng.)
- [5] Turnbull C., Morrison S.A.J., Pernet D., et. al. Genome-wide association study identifies five new breast cancer susceptibility loci. *Nature Genetics*, **2010**, V.42, N.6, P.504-507. (in Eng.)
- [6] Cai Q., Long J., Lu W., Qu S., et. al. Genome-wide association study identifies breast cancer risk variant at 10q21.2: results from the Asia Breast Cancer Consortium. *Human Molecular Genetics*, **2011**, V.20, N.24, P.4991-4999, doi:10.1093/hmg/ddr405. (in Eng.)
- [7] Gianfrancesco F., Esposito T., Ombra M.N., Forabosco P. Identification of a Novel Gene and a Common Variant Associated with Uric Acid Nephrolithiasis in a Sardinian Genetic Isolate. *Am. J. Hum. Genet.*, **2003**, N.72, P.1479-1491. (in Eng.)
- [8] Zhang Y., Shin S.J., Liu D., Ivanova E. ZNF365 promotes stability of fragile sites and telomeres. *Cancer Discov.*, **2013**, V.3, N.7, P.798-811, doi:10.1158/2159-8290.CD-12-0536. (in Eng.)
- [9] Zhang Y., Park E., Kim C.S., Paik Ji-hye. ZNF365 promotes stalled replication forks recovery to maintain genome stability. *Cell Cycle*, **2013**, V.12, N.17, P.2817-2828. (in Eng.)
- [10] Gaudet M.M., Kirchhoff T., Green T., Vijai J., Korn J.M., Guiducci C., et al. Common genetic variants and modification of penetrance of BRCA2-associated breast cancer. *PLoS genetics*, **2010**, V.6, N.10, e.1001183. (in Eng.)
- [11] http://www.ncbi.nlm.nih.gov/projects/SNP/snp_ref.cgi?rs=10995190.
- [12] Lindstrom S., Vachon C.M., Li J., Varghese J., Thompson D., et. al. Common variants in ZNF365 are associated with both mammographic density and breast cancer risk. *Nature Genetics*, **2011**, V.43, N.3, P.185-187. (in Eng.)
- [13] Ahn S.H., Hwang U.K., Kwak B.S. et al. Prevalence of BRCA1 and BRCA2 mutations in Korean breast cancer patients. *J. Korean Med. Science*, **2004**, V.19, N.2, P.269-274. (in Eng.)
- [14] Kadouri L., Hubert A., Rotenberg Y. et al. Cancer risks in carriers of the BRCA1/2 Ashkenazi founder mutations. *J. Med. Genet.*, **2007**, V.44, P.467-471, doi: 10.1136/jmg.2006.048173. (in Eng.)
- [15] Capalbo C., Ricevuto E., Vestri A. et al. BRCA1 and BRCA2 genetic testing in Italian breast and/or ovarian cancer families: mutation spectrum and prevalence and analysis of mutation prediction models. *Ann. Oncol.*, **2006**, V.17, P.34-40, doi:10.1093/annonc/mdl947. (in Eng.)
- [16] Vaidyanathan K., Lakhota S., Ravishankar H. BRCA1 and BRCA2 germline mutation analysis among Indian women from south India: identification of four novel mutations and high-frequency occurrence of 185delAG mutation. *J. Bioscience*, **2009**, V.34, N.3, P.415-422. (in Eng.)
- [17] Antoniou A.C., Kuchenbaecker K.B., Soucy P., Beesley J., et. al. Common variants at 12p11, 12q24, 9p21, 9q31.2 and in ZNF365 are associated with breast cancer risk for BRCA1 and/or BRCA2 mutation carriers. *Breast Cancer Research*, **2012**, V.14, N.1, P. 1-18, doi:10.1186/bcr3121. (in Eng.)
- [18] http://www.ncbi.nlm.nih.gov/projects/SNP/snp_ref.cgi?rs=10761659

ҚАЗАҚСТАН ПОПУЛЯЦИЯЛАРЫНДА ZNF365 ГЕНІНІҢ ӨЗГЕРГІШТІГІНІҢ СҮТ БЕЗІ ІСІГІМЕН АССОЦИАЦИЯСЫ

Ходаева А., Абайлдаев А., Шертай М., Хансентова А.,
Балмуханов Т., Айтхожина Н.

ҚР БҒМ ҒК М.Ә. Айтхожин атындағы молекулалық биология және биохимия институты, Алматы қ. Қазақстан

Кілт сөздер: ZNF365 гені; өзгергіш аймақ; сүт безінің ісігі; Қазақстан.

Мақсат. Зерттеу мақсаты: Қазақстандағы қазақ және орыс этникалық топтарында ZNF365 генінің екі өзгергіш аймақтарының (*rs10995190*, *rs10761659*) сүт безі ісігімен ассоциациясын іздестіру.

Әдістер. Жағдай-бақылау (случай-контроль) әдісі көмегімен Қазақстандағы әйелдердің қазақ және орыс этникалық топтарында ZNF365 генінің екі өзгергіш аймақтарының сүт безі ісігімен ассоциациясын іздестіру үшін популяциялық ассоциациялық талдау жүргізілді. Генотиптерді анықтау үшін полимеразды тізбекті реакция және рестрикциялық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмінің талдауы жүргізілді. Зерттеу объект ретінде сүт безі ісігімен ауыратын әйел науқастардың венозды қанынан бөлінген 625 ДНҚ үлгілері және сау әйелдердің венозды қанынан бөлінген 692 ДНҚ үлгілері қолданылды. Статистикалық талдау Пирсон критерий χ^2 (нақтылық деңгейі – $p < 0.05$) көмегімен жүргізілді.

Нәтижелер. Қазақ этникалық тобында ZNF365 генінің *rs10995190* өзгергіш аймағының СБИ-мен статистикалық нақты ассоциация (аллельдердің жиілігі бойынша $p=0.03$, генотиптер таралу бойынша $p=0.04$) анықталды. Орыс этникалық тобында осы аймақтың СБИ-мен ассоциациясы анықталған жоқ. Қазақ және орыс этникалық топтарында ZNF365 генінің *rs10761659* өзгергіш аймағының СБИ-мен ассоциациясы анықталған жоқ.

Тұжырым. Қазақ этникалық тобында ZNF365 генінің *rs10995190* өзгергіш аймағының СБИ-мен ассоциациясы анықталғаны бұл аймақ СБИ-нің дамуына өз үлесін қосатын мүмкіндігі бар болғанын көрсетеді. Әлемдегі зерттеулер нәтижелерінің бір мағыналы еместігі нақты этникалық топқа жатуы есепке алуы маңызды екендігін көрсетеді.

Поступила 24.08.2015 г.

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 303 (2015), 145 – 155

UDC: 101.3, 321.7

**Theoretical and methodological basis of the study
of the history of the Kazakh philosophy**

Kasabek A.K.,¹ Nisanbayev A.N.,² Nurmuratov S.E.²

¹Zhetysu State University named after I. Zhansugurov

²Institute for Philosophy and Political Science, Religions Studies of SC, MES RK,

K-alikenova@mail.ru, Baurkz_8888@mail.ru, s.nurmuratov@mail.ru

Key words: Kazakh philosophy, enlightenment, spirituality, history, idea, independence.

Abstract: Conceptually the ideological basis of research of the Kazakh philosophy should be the historical and philosophical comprehension of the ethical and axiological content Turkic and Kazakh worldview, a certain historical rationality, the mentality and values of the people.

In a research project with a holistic and systematic analysis of ethical and axiological content Turkic and Kazakh philosophy defined features of historical rationality, mentality, ideological orientations of the Kazakh people.

For the first time in Kazakhstan and world philosophy introduces a holistic view of the nature of the Kazakh philosophical thought in the historical processes that use it, which allows a fundamentally new insights into the nature ethnophilosophy. Features of ethnophilosophy is that it is ongoing spiritual continuity, which is still represented in the research surveys and discrete surface.

In this spiritual continuity of the people is fundamentally different from a simple sequence of historical events, literally in every way - from the mythological concepts of the Turkic world to form a holistic vision of the Kazakh ethnic group in the ethnic and cultural development In addition, based on these new approaches to historical and philosophical studies, stated the importance of understanding the world that meets the criteria for a specific integrity, completeness of the explanatory effect of problems and vitally meaningful prospects of the ethnic group.

ӘОЖ: 101.3, 321.7

**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

А.Қасабек¹, Ә.Нысанбаев,² С.Нұрмұратов²

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

²ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

K-alikenova@mail.ru, Baurkz_8888@mail.ru

s.nurmuratov@mail.ru

Түйін сөздер: Қазақ философиясы, ағартушылық, руханилық, тарих, идея, тәуелсіздік.

Түйіндеме: Қазақ философиясын зерттеудің тұжырымдық-дүниетанымдық негізі түркілік және қазақтық дүниені түсінуінің этикалық және аксиологиялық мазмұнын тарихи-философиялық пайымдау, халықтың тарихи рационалдылығын, ділін және құндылықтық бағдарларын анықтау болып табылады.

Алғашқы рет қазақстандық және әлемдік философияда тарихи процестегі қазақ философиясының

тұтастанған табиғаты жөнінде түсініктер ғылыми тұжырымдалды. Ол этнофилософияның мәніне жаңаша кейіпте қарауға мүмкіндіктер береді. Оның ерекшеліктері әзірге ғылыми зерттеулерде үзіктенген сипатта ғана бейнеленіп жүрген рухани сабақтастықты нақты қарастырумен байланысты екені пайымдалды.

Дегенмен, халықтың рухани сабақтастығы жай ғана тарихи оқиғалардың тізбегінен айырмашылығы болады, ол этномәдени дамудағы түркі әлемінің мифологиялық түсініктерінен қазақ этносының біртұтастанған дүниетанымының қалыптасуына дейінгі үрдістерден байқалады.

Жоғарыда аталған жаңа көзқарастардың арқасында философия тарихынан зеттеулерде дүниені пайымдауларда нақты тұтастық, мәселелерді түсіндірудегі толыққанды және этностың болашағына байланысты өмірмәндік өлшемдер бағамдалды.

Ұлы өзгерістер мен қоғамдық дағдарыстар тұсында кез келген халық өзінің мәдениеті мен өркениеті даму барысында, оның тарихи тағдыр талабына мән беріп, ой толғантқаны жөн. Өйткені өркениеттің дамуы және өркениет-тердің өзара бәсекелесуі қоғамның, мемлекеттің, жеке адамның өмірі мен тұрмысына жаңалықтың жаңа лебін әкеліп, жаңап әлеуметтік ахуал қалып-тастыруы әбден ықтимал. ХХІ ғасырда орын алатын сол әлемдік өзгерістер міндетті түрде қазақ қауымын да қамтитыны анық. Қоғамның бір күйден екінші күйге ауысуындағы ахуалды тікелей өз мүддесіне сай пайдалана отырып, қазақ қоғамына діни-идеологиялық, рухани-әдептік экспансия жүргізіп жатқандығы сырт көзге байқала бермейді.

Бүгінгі қазақ қауымының кез келген адамы өзінің шама-шарқы жеткенше батыс өркениетінің материалдық және рухани қазыналарына ие болуға қол жеткізіп отыр. Біздің қоғамда жекелеген әлеуметтік топ өкілдері қоғамның ақпараттық психологиялық деңгейіне ақпараттық-әдептік сипаттағы ықпалын жүргізе алатын мүмкіндікке ие болды. Батыс қауымын дендеп тарап отырған осы дерттен қалай аман алып қалу мәселесі өте қатты толғандырады.

Осыған орай еліміздегі экономикалық мәселелердің шешімі табылады. Ал рухани қазыналарына орта жолда айрылып қалмай, оларды қайта жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу көкейтесті мәселе. Шығыс елдеріндегі кез-келген рухани-әдептік мәселелерді анықтау әрі оларды насихаттау, оның құндылығын өз халқымызға түсіндіру, пайдалану ұлтымыздың ділін нығайтуға мүмкіндік береді.

Шығыс халықтарының бір өкілі: қазақ халқы – жас халық. Ол өзін-өзі толық танып болған жоқ, өз құдіретін сезініп, түсініп өзін өзгеге әлі толық таныта қойған жоқ дегенді тілге тиек етеді. Шығыс мәдениеті мен Шығыс дүниетанымы ерекше дүние, оған жаңаша көзқарас керек. Қазіргі таңда мұсылман әлемінде дамудың өзіндік моделін іздеу үрдісі әлі жалғасып жатқан көрінеді. Оның мәні – Шығыс өркениетінің ұстындарын негізге ала отырып, басқа өркениеттердің ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерін толық игеріп, оны өз рухани қажетіне пайдалану. Еуропа жолымен дамуға әлі нақты балама табыла қоймаса да, бірқатар мұсылман елдері қоғамды жақсарту барысында ертеден қалыптасқан дәстүрлі қатынастың, әдет-ғұрыптың сақталып қалуына жете көңіл бөліп, батысқа еліктеуге жол бермей келеді. Халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған асыл қазынасының, зердесі мен дәстүрлі өзіндік мінез-құлқы мен жан дүниесінің, философиясы мен мәде-ниетінің, ХХІ ғасырда да қазақ қоғамының дамуында атқаратын рөлі мен маңызы өлшеусіз болады. Дүние жүзінде қазақ халқы тек Ұлы Даладағы мәдениеті, өз дәстүрі, өз рухани байлығы арқылы ғана таныла алатындығына ешкім де күмән келтірмейді.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалып-тасқан іргелі халықтардың бірі қазақтар ғасырлар бойында жазба әдебиеті болмаса да, өзіне тән өте бай рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра үлкен қарқынмен дами отырып, әрқилы ерекшеліктері бар күрделі тарихи жолдардан өтті.

Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ертедегі философиялық ойлау және пайымдау элементтерінен бастап қазіргі замандағы толыққанды философиялық теориясын түгелдей қамтитын халықтық философия тарихы ерекше орын алады. Оның негізгі бағыттары – тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, діни танымын және басқа да еркін ойлау процестерін, ақпараттық мәселелер мен адам туралы ілімдер, күш көрсетпеу идеясын және оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насихаттау, т.б. мәселелер болды.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер - бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ, жалпы алғанда, жартылай даму

тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар - анайы реализм, білімнің негізгі жақтары еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық, саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні, тағы басқалар еді.

Осы аталған көзқарастар сынаржаққа, консерватизмге, тоқыраушылыққа және білімсіздікке, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да, кемшіліктерге қарсы бағытталады. Бұл да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзінше ерекшелігі деп айтуға болады.

Қазақ философиялық ойының тағы да бір ерекшелігі - шынайы отансүйгіштігін, халқына сүйіспеншілігін, оның ұлттық мүддесі мен болашағын жан-жақты көрсете білуі.

Әрине, қазақ философиясы әу бастан-ақ аяғынан тік тұрған, бірден қалыптасып кеткен жүйе деген пікір тумаса керек. Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып-білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау, негізінен, алғанда кейінгі ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен халықтың ақындық мұраларында қоршап тұрған табиғат пен әлеуметтік орта туралы ойлаудың біршама жиынтығы болды. Оны жүйелі, толыққанды дей алмаймыз. Бірақ адамдардың өмірлік тәжірибесін, халық даналығын көрсетудің философиялық мәні бар екені даусыз. Ойлау тәсілі ерекше, шығармашылық жолы мен шығармалардың сақталуы ауыз әдебиетіне тән, тез жаттап алу, оны есінде сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өзгертпей, жоғалтпай, «жеделдете» жеткізу - бұл философия тарихындағы ғажап құбылыс.

Халқымыздың өмірін бейнелеген, адамдардың түйсігін, ойларын, өскелең талабын көрсете білген фольклорда объективті шындықтың элементтері бар екенін байқаймыз. Халық эпостары, ертегілер, аңыздар, лирикалық-тұрмыстық поэмалар, мақалдар мен мәтелдер адамдарды, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-экономикалық жағдайларды, ізгілік мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білудің дәлелі. Ауыз әдебиетінің ескерткіштеріндегі халқымыздың танымдық, әлеуметтік өмірді тікелей бейнелеу, дүниенің құрылымы, оның жасырын күштері туралы тұрпайы түсінігі қазақ философиясының бастапқы кездегі деңгейі еді. Ол кезде жүйелі және негізделген көз-қарас болған жоқ, сондықтан да философияның басты бағыттары да айқындалмаған еді.

Қазіргі кезде көптеген халықтардың философиялық мұраларын тарихи- философиялық ғылым арқылы зерттеу тәжірибелі ұлт философиясының қалыптасуы, дамуы және қазіргі бағыттары зерттеудің теориялық және әдіснамалық мәселелерін топтастыруға, ойларды тұжырымдауға мол мүмкіндік береді.

Қазақ философиясының тарихы - халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ философиясы - халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Ол қоғамдық сананың басқа түрлерімен тығыз байланыста болады. Сондықтан оны зерттеп, үйренбейінше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын және т.б. пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлтзаттық қозға-лысымен біте қайнасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттікке жету жолдарын тікелей іздеуге атсалысуымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді.

XX ғасырдың соңына дейін қоғамтану ғылымдарында әлеуметтік процестерді тану тәсілі ретінде таптық редуцианизм орын алып, яғни барлық қоғамдық-рухани, мәдени, саяси, т.б. құбылыстарды таза таптық негізде пайым-дау тәсілі үстем болды. Бірін-бірі жоққа шығару логикасы өмірдің объективті логикасын ығыстырып, жұтаңдатып көрсетуге әкеліп соқты. Қазіргі кезде жалпы адамзаттық айшықтар, идеялар ең жоғары құндылықтар есебінде танылғаннан кейін философия тарихын зерттеудің ауқымы да кеңейді, бағыттары да нақтылана түсті. Соның бір мысалы ретінде кезінде «таптық күрестің» құрбандары болып кете барған қазақ халқының аяулы азаматтарының – әдебиетшілер, сазгерлер, философтар, ақындар, саясаткерлердің есімдері ортамызға қайта оралды, сондай-ақ өз ортамызды қайта жаңғыртуы, философиялық ортаға жаңа идеялардың қосылуы және олардың тарих толқынындағы қазақ философиясы тарихының жаңа беттерін ашуға тигізген жан-жақты әсерін атап айтуға болады.

Халықтың сана-сезімінің өсуі, тоталитарлық империяның күйреуі, жас тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, философиялық ойлау мен пайымдаудың жаңа түрлері адамзаттың тұтастығы мен ерекшеліктерін, достық пен алауыздықтың айырмашылығын, халықтар тағдырының ажырамас бағыттарының тарихи шындықтарын терең де мазмұнды ашып беруіне көп септігін тигізуде. Осы тұрғыдан алғанда, біздер дүниежүзілік қоғамдастыққа қазақ халқының терең де тұңғыш философиялық ойларын, оның шынайы болмысын және өзіне тән мәдениетін көрсете білуіміз керек. Бұл мақсатты іске асыруда бұрыннан қалыптасып, сіресіп қалған ұғымдар мен қағидаларға сын көзбен қарап, оған жаңа әдіснамалық шешімдермен келуіміз керек.

Қазақ философиясының көкейкесті мәселелерінің бірі - философияның пайда болу мәселесі. Қазіргі уақытқа дейін әлемдік философияның тарихында осы мәселе талай пікірталас туғызып жүр. Біріншіден, философияның дәл шыққан мерзімін белгілеу өте қиын. Екіншіден, философия деген ұғымның өзіне дәл анықтама беруге осы кезге дейін толық қол жеткен жоқ. Үшіншіден, қазақ философиясына келетін болсақ, оның жазба түріндегі классикалық тұжырымдар мәтіндері жоқтың қасы.

Әлемдік философияда үш ошақтың (Қытай, Үнді, Грекия) шамалас бір мерзімде пайда болғанын білеміз. Ол орталықтар философияның әлеуметтік кеңістігіндегі жоғары деңгей еді және теориялық ойлаудағы дүниенің өзін жеке тұтас ретінде бейнелеген алғашқы жүйелер болды. Философиялық ойдың тууына белгілі бір шарттар қажет. Олар әлеуметтік, теориялық-танымдық, тарихи шарттар десек, тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл өрке-ниеттің ұзақ дамуының жемісі болып шығады.

Жалпы қалыптасқан көзқарасқа сүйенсек, онда философия экономикалық, саяси және идеологиялық жағынан нашар дамыған, ертедегі құл иелену-ші қоғамда әрі сол қоғамның жоғары сатысына өту кезеңінде пайда болғанын тұжырымдайды. Дегенмен әлеуметтік философияның пайда болуының тек тиісті жағдайларын түзейді.

Қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарға қолдау көрсету немесе заңдастыру философияның алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Әлеуметтік институттар мен қоғамның құрылымы осы қатынастарды нығайтуға бағыттталып, философия өзінің аталған міндетін орындауға күш салады.

VI ғасырдан бастап Қазақстанның қазіргі аумағында алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, оның орнына феодалдық әлеуметтік-экономикалық формация орныға бастады. Осы уақыттан бері барлық әлеуметтік өзгерістер оның ішінде сана ауқымында, феодалдық формацияның ішкі заңдылықтарымен айқындалады.

IX-XV ғасырлардағы Қазақстан жерінде орналасқан тайпалар, олардың көсемдері өз биліктерін, басқару органдарын тәңірінің өзі берген күш ретінде есептеді. Оған қазақ философиясының жүйесіндегі кездесетін аксүйектер әулеттерінің «генеалогиясы» дәлел. Кейініректе осы аталған идея биліктің заңды «табиғаты» күштілерді ғана қалайды деп, одан кейін де адамдардың әдет-ғұрпына, заңдылыққа, өнерге табынды. Осыдан келіп философияның пайда болу процесі әлеуметтік жағдайлармен қатар сол кездегі адам ойының даму процесімен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Философияның пайда болуының тарихи алғышарты аңыз делінеді. Бірақ оны философия эпос арқылы өзгерген және жүйеленген кезінде ғана пайдаланады. Әрбір заманға байланысты эпос аңыздың түрін өзгертіп отырады және сонымен қатар өнер мен бастапқы ғылым элементтерінің әсерімен философиялық шығу процесін, оның қоғамдық сананың шығу және жаңа бір түрі ретінде қалыптасуын жеделдетеді.

Аңыздық көзқарас пен табиғат және қоғам туралы жаңа дамып келе жатқан ғылым элементтерінің арасындағы қайшылықтарды шешу философияның пайда болуының жолы деген де тұжырымдар бар. Философия аңызға тән дүниеге тұтас көзқарас бағытын сақтауға ұмтылады. Соның негізінде не аңыздық, не аллегориялық (деректі) - көркем, не символикалық - діни, не нақты - ғылыми ойлау, бірақ олардың әрқайсысынан қабылданған түрлеріне сыймайтын, жаңа түсініктегі ойлау мен пайымдау түрлерін құрайды.

Белгісіз дүниені түсіндіруге ұмтылудан гөрі белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егер де ол дүние тіпті танып білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке табыну аңыздың өзіне тән ерекшелігі. Адамға әлеуметтік басқару жүйесін танып, оны түсініксіздену

әлдебір күштің әсерімен түсіндіру ғылым мен дамудың барысында оған сенбеушілік пайда болған жағдайда жеке адамға өзінің дүниеге көзқарасын өзгерту мүмкіндігін жетілдіру – бұл аңыздан философияның салмағын ажыратудың бір жолы. Ақылмен ой қозғау, табиғаттың өзіне бет бұру, дұрыс көзқарастың қалыптасуы философияның пайда болуындағы теориялық жинақтау, бастапқы қайшылықтардың шешілу процесі.

Қазақ философиясының пайда болуы туралы тек ойшылдардың дүниеге көзқарасы жалпылықты, көзқарастың әмбебап ұстындарын немесе «бастауларды» анықтаудағы заңды бағыттары болған кезде ғана айтуға болады. Діни-аңыздық тұжырымдар әдет-ғұрып пен беделге бой ұрса, философия заттар мен құбылыстардың, оқиғалардың мәнін ашуға, пікірсайыс ретінде қолданылатын рационалды ойлауға, дүниені танып білудегі қайшылықтарды аңғару мен шешуге негізделеді. Бұл әрекет адамның жанжақты ойлауы және оның санаткерлік сезімталдығымен - бірегей ұштасуы нәтижесінде туады.

Қазақ тарихына зер салсақ, онда көп кездесетін «рулық» генетизм осы қоғамның әлеуметтік, таптық бөлінуі және «ақсүйек» рулар пайда болған кезінде күшейгенін көреміз. Соңғылардың қоғамдағы «заңды» орындары олардың төркіні құдайдан немесе батыр бабаларынан басталады деп түсіндірілді. Сөйтіп олардың әлеуметтік дүниенің қажетті және заңдастырылған бөлшегі ретінде қоғамдағы белсенді рөлі орнықты. Осы рулардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму үрдісін біршама дұрыс бейнелейді. Осыдан келіп олардың көзқарасы ғана емес, қоғамның тарихи дамуының мүддесіне сай келгендіктен қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мысалы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы басқа даналардың ойлау жүйесі, ақыл-кеңесі, айтқан тұжырымдары осыған дәлел бола алады.

Әдетте, қоғам дамуының көп сатыларында экономикалық мүдделер мен саяси қызметке қарағанда, алдыңғы орынға философиялық, әдептік, діни және т.б. проблемалар шығады. Олар азаттық және адам еркіндігі, діни сенім және ақыл-ой, өмір сүру және адамгершілік қасиеті, бостандық пен құлдық, тіпті «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» «алтын ғасыр» және «ақыр заман» туралы және басқа мәселелер. Бұлар жұп санаттар ретінде де, немесе жекелей қазақ ойшылдарының көзінен таса қалмаған. Осы мәселелерді тиянақты ойластыру арқылы олар экономикалық, соғыс және саяси дағдарыстарды шешуде үлкен рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың көптеген мәселелері өзінің ауқымы жағынан ұлттық шеңберден асып түседі. Мәселен, ағартушылық бағыты таза ұлттық қасиетке ғана ие емес, керісінше, оның түрі, ұлттық ерекшеліктеріне әлемдік тәжірибе-мен астасып жатады. Қазақ ағартушылығы жалпы ағартушылықтың бір түрі, оның ерекшеліктеріне: ұлттық мәселені басты проблема етіп қоюы, қоғамдық практикамен тығыз байланысты болуы, атеизмге ұласпаған антиклерикальдық бағыт ұстануы жатады.

Соңғысы жалпы ағартушылықтың әлеуметтік табиғатына сай келеді. Жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ буржуазиясының ой-өрісін көрсете отырып, бұл ағартушылық халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға, бостандыққа, рухани азаттыққа жетуіне жәрдемдесті. Оның Қазақстанда қалыптасып, дамуына феодализмнен капитализмге өту барысында шыққан демократиялық элементтері, халықтың ауыз әдебиеті мен фольклоры негіз болған. Жалпы әлемге тән ағартушылыққа келетін болсақ, ол алдымен кейбір заман-ның әлеуметтік-саяси және идеологиялық сұранысына сәйкес белгілі бір аймақта пайда болып, басқа аймақтарға тарай береді.

Қоғамдық ойдың ұлттық және әлемдік қарым-қатынасы қазіргі заманда, әлеуметтік қақтығыстар мен мемлекетаралық қайшылықтар бүкіл адамзатты қамтып отырған кезде ең маңызды мәнге ие болып отыр. Оның әлеуметтік және мәдени-психологиялық алғышарттары ретінде қоғамдастықтың қалыптасуын атауға болады. Қоғамдастық - бұл өзінше бір тарихи институт, оның пайда болуы арқылы қоғам өз мәніне ие болуға қабілетті. Осы ұғым қоғамды құрушы күштердің әлеуметтік белсенділігін, өзін-өзі көрсете білуді бейнелейді.

Біздің ойымызша, қазақ философиясында қоғамдық ой үш кезеңнен өтті. Олар - қоғам, қоғамдастық және қоғамдық пікір. Осы мәселенің өзі арнайы жеке зерттеуге лайықты.

Қоғамдық ой білімді, сананы және өзіндік сананы қамтиды. Сана мен өзіндік сана біліммен өзектес жүреді, соңымен бірге оның түрлері де болып келеді. Білім сананың өмір сүру тәсілі, ол өзіндік сананың әр кезеңдегі ең жоғары шыңы болып табылады. Қоғам дамуының белгілі-бір кезеңінде осы аталған үшеуінің бірі алға шығып, жетекші рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың бір бөлігі ретінде халықтық философияның және халықтық саяси көзқарастарын айту керек. Адамдардың күнделікті іс- тәжірбиесін даналықта қолданып қана қоймай, оны ой елегінен өткізіп қорытын-дылайды. Ойшыл озық идеялардың әсерімен осы күнделікті көргенбілгеннен терең де ауқымды ой түйеді. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі ойлау сатысына көтеріледі және оқиғаларға философиялық, логикалық және ғылыми көзқарас қалыптасады.

Қазіргі әдебиетте философия және қоғамдық ойды бөліп қарамау белең алып кетті. Бұл, әсіресе, қазақ философиясы тарихына арналған өткен ғасыр-дың 50-80 жылдардағы зерттеулерде анық байқалды. Философия тарихы өзінің сапалық ерекшелігінен айырылып, саяси идеялар тарихы төңірегінде қалып қойды. Бұған философияны, оның тарихын дұрыс түсінбеу себеп болды.

Қазақ тарихының белгілі-бір кеңістік – уақыт өлшемінде философиялық құбылыстарды үш белеске немесе үш кезеңге бөліп қарауға болар еді. Біріншісін әуелгі философия деп аталық. Оған объективтілік пен субъективтілікті өте нашар ажырата білетін сана тән. Оның негізінде ойлау жүйе-сінде қайшылық аз болса, онда қажетті дәлелденген теория құру мүмкін болмайды. Ол психологиялық образ, күйбең тірлік, эмоция деңгейінде үзік-үзік ойлар ретінде қалып қояды. Аталған элементтерді аңыздық-көркемдік әдіспен жасаудың арқасында дәл сол кезеңге сәйкес өзіндік семантикалық тұтастық пен семантикалық бірлік орнықтыруға мүмкіндік туады. Осы құбылыс қазақ философиясы тарихының ерте кезеңнен бастап ХІІ ғасырға дейінгі кезеңдеріне тән болды.

Екінші белес – философиялық кезең деп атауға лайық. Оған объективтілік пен субъективтілікті жоғары деңгейде ажырататын сана тән. Оның негі-зінде санаттар мен түсініктерді, формальды логикалық амалдарды қолдану арқылы теория мен тұжырымдамалар жасалынады. Басқаша айтқанда, ойлау дәрежесінің ауқымы ұлғайып, қоршаған дүниені, қоғамды және адамды дұрыс бейнелеу белесіне жету еді. Осы құбылыс қазақ философиясы тарихы-ның ХІV ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтыды.

Үшінші белес теориялық-әдіснамалық жолмен пайымдалған, классикалық жүйеге ие болған және әлемдік рухани-байлықпен ұштастырылған кезең-ді қамтиды.

Қазіргі замандағы қазақ философиясын, оның өзіндік тарихын қазақ философиясының метатарихы деп атаса да болар еді. Мұның ерекшелігі зерттейтін объектісі осы заманның ауқымынан шығып, өткенді, келешекті, қазіргіні, жүйелі түрде рационалды ойлау процесінен өткізіп, екшеу. Сондықтан ол өн бойында жаңа үлгідегі ойлау мәнерін таразылауды, сақтау мен жаңартуды жүзеге асырады.

Жоғарыда айтқан идеяларға сүйене отырып, қазақ философиялық ойларының қалыптасу бастаулары хронологиялық және мәндік жағынан үш кезеңнен тұрады дер едік. Бірінші кезең рулық құрылыс үстем болып тұрған уақытты және соған сәйкес келетін әуелгі философиялық (философияға дейінгі) сананы қамтиды.

Екінші кезеңге ортағасырлық, хандық және бодандық дәуірдегі философиялық ілім және мұрасы мен еңбектері жатады. Оларды саналы түрде ауызша-жазбаша ғылымға дейінгі және теориялық пайымдаулары орныққан әртүрлі бағыттағы көзқарастар деуге болады. Қалыптасқан пікірлерді ескере отырып нағыз философиялық тұжырымдамалар деп атауға болады. Себебі ойшылдардың дүниеге көзқарастары олардың өздерінің ерекшеліктері арқы-лы әрқилы бағыттарға, жолдарға, қисындарға іштей бөлініп жатады. Негізгі көксеген мақсаттары әрқилы әлеуметтік топтардың мүдделерін жоқтау, жақтау, көздеу немесе жою.

Үшінші кезең - ХХ ғасырдың басынан қазіргі уақытқа дейінгі қазақ философиясының негізгі ұстындары, даму жолдары, жеткен биігі мен алынбай қалған асулары, жіберілген әдіснамалық, теориялық және тұжырымдық қателері, «ақтаңдақтар». Талдауға жататын мәселелердің бастылары – қазақ қоғамының экономикалық, саяси және рухани өміріндегі негізгі фило-софиялық мәселелер. Сонымен бірге жаңадан қалыптасып келе жатқан ғы-лым - қазақ философиясының тарихын қай тұрғыдан, қай теориялық дең-гейден зерттеуіміз керек деген мәселе қазіргі кезде елеулі мәселеге айналып отыр.

Философия тарихы әдіснамалық негізгі бір мәселесі - жалпылық пен даралық қатынасы, ерекшеліктің орнын табу және сол ерекшеліктің дараға тән қасиеттерін анықтау. Былайынша айтқанда, жалпылық, ерекшелік, даралық диалектикасын ұлттық философия тарихы шеңберінде

таразылау болып табылады.

Қазақ философиясының даму тарихында өзіне тән қалыптасқан, өнеге тұтатын басқа ұлттар философиясынан, өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізінде қазақ халқының әлеуметтік тарихының, оның өзіне тән қилы-қилы бұралаң дамуының жолдары жатыр. Себебі оның алғашқы қауымдық құрылыстан тікелей феодализмге, одан капитализмге соқпай социализмге өтуі көп жәйтті аңғартады. Соңғысы, қазір белгілі болғандай, тарихи қателік еді. Адамзаттың даму процесіндегі даңғыл жолдан тайған тоталитарлық жүйе философиялық ойды да тығырыққа тіреді. Ал феодалдық қатынастар Қазақстан аумағында көптеген ғасырлар бойы үстемдік етті. Капитализмнің дамуы XX ғасырдың басында біршама қарқын алғанмен, кенеттен үзіліп қалды. Осындай әлеуметтік ерекшеліктер қоғамдық сананың, оның ішінде философиялық сананың қалыптасуына әсерін тигізбей қоймады. Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы. Қазақ мәдениеті тарихтың әрқилы кезеңдерінде іргелі елдердің мәдениеттерімен біршама байланыста болып, олардан тікелей немесе жанама түрде серпін алып отырды. Мұндай сыртқы әсерлер қазақ мәдениетінің ішкі мүдделеріне, оның тарихи қажеттілігіне, қандай мәселелерге зәру болуына байланысты, өз пайдасын тигізіпте отырды. Осындай ерекшеліктер қазақ философиялық ойлау жүйесін қалыптастырып, ұлттық дәстүрлер мен бағыт-бағдарларын орнықтырды.

Қазақ философиясы әлемдік философияның бір бөлігі. Философия тарихына шынайы көзқарас қазіргі кездегі оның құрамында әлеуметтік кеңістік жағдайын ескерсек, үш түрлі құрамдас бөлігі бар екенін көрсетеді. Олар - ұлттық философия, аймақтық философия және әлемдік философия. (Аймақтық философияның классикалық түрі – марксизм, ал әлемдік философия әлі қалыптаса қойған жоқ). Қазақ философиясында осы аталған философияның әсерлері әртүрлі болды. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдағы орыс философиясы маркстік философия және әлемдік философияның кейбіреулері тікелей әсер етті. Өз тарапынан қазақ философиясының оларға ықпалы да болмады деп айта алмаймыз. Бұл өзі жеке зерттеуді қажет ететін мәселе. Нәтижесінде, жоғарыда айтылған, философия тарихы дамуындағы жалпылық, ерекшелік және даралық диалектикасын ұлттық философияның өзекті мәселелері зерттегенде кәміл ұстану – әдіснаманың бірден-бір сұранысы деп айтуға болады. Халықтық қоғамдық сананың дамуы барысында философиялық дәстүрлер қалыптасып, күшейе түседі.

Қазақтың әлеуметтік дамуының ерекшеліктеріне, тарихи өзгешеліктеріне қарамастан, қазақ философиясы тарихында оның әр кездегі сатысында өзінше дамып отырған философиялық ойлардың ішкі байланысы бар екенін және олар бірін-бірі заңды түрде алмастырып отырғанын анықтауға болады. Ұлы Абай айтқандай, «Адам бол!» идеясы – бұрынғы фольклордан бастап осы заманғы қазақ философиясына тән ортақ және ұдайы дамып келе жатқан идея.

Әл-Фараби философиясына тән ортақ дәстүрлермен қатар оның өзінің ішкі бағыттары да бар. Өткен ғасырдың 60-80 жылдардағы қазақ философиясындағы жаңадан қалыптасқан зерттеу бағыттары ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді жан-жақты және терең түсінуімізге қажетті жағдай жасады.

Осы ретте қазақ философиясы тарихында жиі кездесетін әлеуметтік бос қиялшылдық туралы да айтпасақ болмайды. Жалпы әлеуметтік утопизм дегеніміз - бұл жеке және қоғамдық сананың сыңаржақ ойлау тәсілдерімен образ - тұжырымдама жасау арқылы жаңа түрдегі әлеуметтік ілімге ұмтылуы. Ақын-жырау, билер мен көсемдер, ағартушылар мен философтардың көпшілігіне тән бұл құбылыстың негізгі гносеологиялық айшығы саналық пен санасыздық, эмоция мен таза ойлау, білімсіздіктің төменгі дәрежесімен қалыптасқан білім дәрежесінің шекараларын ажырата білмеу, оларды жекежеке асыра дәріптеу деп білеміз. Осыған қоса утопизмге тән тағы бір айшық - ол ойлау дәрежесінің төменгі сатыда ғана саралануы. Осыдан барып әрбір жеке дара ойшылдың өз қабілетімен жасалған сыртқы дүниенің көрінісі аңғарылады.

Әрбір ойшылдың әлеуметтік шындыққа дұрыс немесе бұрыс қатынасы оның өзі қабылдаған философиялық, теориялық-әдіснамалық ұстындарына байланысты. Ондай құбылыстар әлемдік философия тарихында кездеседі. Мәселен, Гегельдің «шындықпен табысу керек» деген идеясы дұрыс қатынасты, ал Сократтың «майевтикасы» бұрыс қатынасты білдіреді.

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ө. Бөкейханов, М. Шоқай және басқалары өмірдің объективті жағдайларын өзгертуге

күшпен емес, сол процеске сананы енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады. Олардың негізгі идеялары – бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпыадамзаттық құндылыққа жақындату болды.

Сонымен өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыздың халықты үнемі рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көкसेген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса, ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген.

Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық-этикалық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжу-маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күр-делі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Осы жауапты істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің Еуразиялық кеңістіктегі өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметімізді асқақтата түседі. Өйткені, өзінің тарихта қордаланған маңызды рухани құндылықтарын, бай дәстүрлі этикасын құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа жаһандану заманда өзіндік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық ғана адамзаттың өркениеттік аренасында шынайы және лайықты бағалануға ие болатыны сөзсіз.

Адамзат тарихының руханиятының ең маңызды түп негізі оның ақыл-ойынан, парасаты дербес ойлау тәжірибесінен байқалады. Ойлаудың ұғым-дық, түсініктік жүйеленуі әлемдік философиялық дәстүрдің жарқын көрінісі ретінде танылады. Жалпы адами эволюцияның өлшемі ретінде даналық, кісілік үлгілерін алуға толық болатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда адамзат тарихындағы кез келген халықтан философиялық пайымдаудың үлкен жүйелі құрылымдарынан бастап өлшеулі деңгейдегі тұжырымдар мен түсініктерден тұратын ерекше сілемдер аралығындағы мәдени көптүрлілікті аңғаруға болады. Олардың барлығына әрқилы бағалау беріп, әртүрлі өлшемдер арқылы сараптаудан өткізу міндеті гуманитарлық ғылымдар алдында тұрған қасиетті міндет. Дегенмен, негізінен, ойлау жүйесінің адами ұстындарының өзара ұқсастығына тәнті боламыз және әрбір мәдениеттің өзіндік көріністерінің, ерекше сипаттарының бар екенін де мойындауға тиістіміз. Міне, осыған орай халқымыздың өзіндік ұлттық ойлау жүйесі, философиялық мәдениеті бар екеніне еліміздегі көрнекті ғалымдар өткен ғасырдың екінші жартысында түбегейлі көңіл бөле, философиялық мәселелер кәсіби тұрғыда игеріле бастады.

Әрине, қазақ халқының философиялық ойы жайлы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері ғана толыққанды сипатта зерттеліп, қазақ және орыс тілдерінде бірталай еңбектердің жарық көргені белгілі. Қазақ философиясы қазақ халқының өмір сүру, даму, бірігу және көркею философиясы. Философиялық ойлау тарихына деген көзқарас біржақты болмауы тиіс, ол әртүрлі бағдарлар мен түсініктердің сұхбатынан, өзара байланысынан қалыптасқаны тиімді. Сонда ғана жас ұрпақтың шығармашылыққа деген талпынысы күшейе түседі, тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелері бойынша соны ойлар туындайды.

Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі және қазақтардың бірлігінің іштей рухани тірегі болып табылады. Ол адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік философияның ажырамас құрамдас бөлігі екені белгілі. Күні кешеге дейін бұл тақырыппен байланысты мәселелердің барлығы мұқият бақылауда болып, көбісі тыйым салынған жабық тақырыптар қатарында болып келгені баршаға аян. Өйткені, социализмнің ұстындары тек бір коммунистік идеяның төңірегіне шоғырланған-дықтан оған сәйкес келмейтін басқаша мағынадағы түсініктердің барлығын жоққа шығарып отырды. Тіпті, бұл тақырыппен айналысамын деген зерттеу-шілердің әрекеттеріне өткен қоғам «ұлтшылдықтың жалауын көтеру» деген үстірт бағалаулар беруге асыққаны да рас. Тоталитарлық қоғам қазақ философиясымен айналысамын деген азаматтардың осы мақсатта ұлттық ойлау жүйесін жандандыруға ұмтылғандарын да осындай бағалаумен шектеп отырды. Міне, осындай идеологиялық тұмшалаудың арқасында тарих сахнасында әртүрлі рухани тереңдіктердегі өздерінің даналыққа толы тұжырым-дарын бұқара халыққа жеткізген ойшылдардың шығармаларының мәтін түрінде қоғамда кең тарамай және ғылыми

зерттеулер түрінде өз бағалау-ларын ала алмай ондаған жылдар бойы уақыт өткізгені белгілі.

Қайта оралу философиясы – бұл философияның өзіне өзінің қайта ора-луы, өзінің рухани қайнар-бастауларына, ежелгі түркілік құндылықтарына, қайтадан тереңірек философиялық пайымдау мен зерделеу үшін өзіне өзінің қайта оралуы. Қазақстандық посткеңестік философиялық рухани байлықты пайымдау – қазақ мәдениетінің терең қатпарларындағы өзіндік тұлғалық философиялық пайымдау сипатында көрініс бере бастаған философиялық үдеріс ретінде танылады.

Сонымен, «қайта оралу философиясы» деген қажетті терминді енгізу арқылы біз өзіміздің алғашқы құндылықтарымызға, қазақтың әуелгі философиясына қайта ораламыз. Бірақ бұл қайта оралу рухани түлеуді адамзаттың қазіргі рухани жаңаруымен, оның жетістіктерімен байланыстыру ауадай қажет. Бұл өзіміздің рухани бастауларымызға қайта оралу Інжілдегі адасқан ұлдың қайта оралуы емес, ол біздің шешілмеген мәселелерімізді түсіну мен шешу үшін қажет гуманистік қайнар көздерге, рухани құндылықтарға қайта оралу болып табылады. Сонымен қатар біз өзіміздің дәстүрлі дүниеге қатынасымыздан қазіргі әлемді тереңірек гуманистік түсінуге сәйкес келетіндерін ғана таңдап алуға тиістіміз. Көне рухани-мәдени мұрамызға терең герменев-тикалық және компаративистік салыстырмалы философиялық талдау жасау қажет. Өткенді асыра марапаттаудан аулақ болуымыз қажет.

Қазақтардың ежелгі түркілік дәуірі кезеңінде дәстүрлі дүниетанымы болғаны мамандарға белгілі. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбеті-нің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік үдеріске, әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз. Қазақтың ділін жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылушылық, оның қызығына дәнігушілік пен құнығушылық сияқты әдеттерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқатты. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «төзімділік», «сабыр», «тәуба» сияқты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңісіп кеткені көрінеді. «Қанағат қарын тойғызар» деген халқымыз әрбір нәрсенің, әрбір құбылыстың өз мөлшері, үйлесімділікке сай келетін өлшемі болады деп түсінген. Олар халықтың дүниетанымында диалектикалық, логикалық, экзистенциалдық түсініктердің қалыптасқандығын білдіретін әлемге қатынастардың болғанының дәлелі. Бұл жағынан алғанда сан ғасырлық дәстүрлі тарихы бар Шығыстың даналығын қордалаған қытайлықтардың рухани-құндылықтық бағдарларымен біршама ұқсастығымыз да бар деуге болады. Ал, енді басқа халықтардың әлеуметтік тіршілігіндегі онтологиялық тіректі рухани дүниенің әртүрлі салаларынан таба біліп (жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, гректер философиядан, қазақтар этикадан, парсылар поэзиядан және т.б.), басқа салаларды сол жүйені тұтастындыра құраушы элементтері ретінде қарастыруы шын мәнінде жалпы өмірдің терең құпиялы мәнін философиялық тұрғыда ашады.

Шынтуайтына келгенде түркі бабаларымыздың даналыққа толы құштарлығы мен тұжырымдары тек қана қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтарға, бүкіл түркі әлеміне, одан кеңірек алсақ адамзат баласына рухани бағдар болып табылады. Сонау Орхон-Енисей жазбалары мен Абайдың кісілік философиясы, Шәкәрімнің ар-ұят, ұждан философиясы аралығында игерілмеген, өзінің толық философиялық тұжырымдамасын жеткілікті деңгейде ала қоймаған дүниелер әлі де жеткілікті. Мәселен, халықтың діни сенімдері мен ұлттық ділі арасындағы өзара астарласу мәселесі өзінің тыңғылықты философиялық зерделеуін алуға тиісті мәселелердің қатарына жатады. Қазақтың әлемді қабылдауы батыстық үлгілерден айрықша ұстындарға негізделген. Бұл да өзінше философиялық пайымдау мен зерделеудің түрі. Ол даналықты, саз бен сөзді жоғары қоюшы жүйе десе де болғандай. Ал қазақ халқының даналық тағылымдары аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы сабақтастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады.

Қазақ халқының жоғарғы кісілік философиялық мәдениетіне мән беріп, назар аударған ғалымдардың көбісі халықтың дәстүрлі дүниетанымында «көркем образдар» әлемі үстемдік ететінін байқайды. Шыныменде, қазақтар әлемді ұғымдық мағынада шегелеп көрсетуден гөрі,

көркем бейнелермен астарлап өрнектегенді қалап келген халықтардың қатарына жатады. Оның бұл ерекшелігі оның кемшілігі болып есептелмейді, керісінше, ақынжанды халықтың арманшылдығын, ақкөңілділігін және даналығын білдіреді. Дегенмен сан ғасырлар бойы ділге әсер еткен ауыр психологиялық соққылар мен саяси қыспақтар бұл ерекшелікті біршама көміскілеп, тұмшалап тастағаны байқалады.

Ал қазіргі кезеңде жаһандану үдерістері алып келген сұрықсыздық, тұтынушылық психологиясы мен дарашылдық, өзімшілдік философиясы қазіргі замандасымыздың санасына енбей қоймайды. Міне, сондықтан бұрынғы кісілікті, ізгілікті, қайырымдылықты, құтты, төзімділікті бәрінен жоғары қоятын халықтың санасы өзгерістерге, яғни трансформацияға ұшырауда. Сөйтіп, жаңа тұрпайы материалистік, прагматистік, тіпті, утилитарлық сипаттағы құндылықтар жүйесі қоғамдық санада беки түсуде. Мұндай теріс мағынадағы үдерістер Жер бетіндегі барлық халықтардың тағдырына қатысты екені байқалады. Қазақтар сол тұтастықтың бір бөлігі. Осыған орай қазақ халқының тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол сол халықтың әрбір өкілінің бақытты өмірімен, дүниетанымымен астасып жататынын айтуға болады. Ал әрбір тұлға бақытты болуы үшін халықтың ғасырлар бойы қордаланған даналыққа толы рухани байлығын игеруі тиіс және әлеуметтің әрбір ғылыми мәселесін жан-жақты зерделеу әріптестеріміздің қасиетті парызы.

Жалпы философияның өзі адамдардың еркін ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ілім. Оның құрылымынан догмалық түрде қатып қалған көзқарастарды, түсініктерді іздеу жаңсақтық. Ол үнемі ағып жатқан өзендей түрленіп жаңғырып отыруы тиіс. Тек тоталитарлық қоғамда ғана фило-софияның аясы тарылып, белгілі бір идеологиялық қалыптардың ауқымдарымен шектеліп отырылды. Әрине, ол дегеніңіз белгілі бір іргелі ұғымдар болмайды деген сөз емес. Қазақ дүниетанымы үшін ондай базалық негіз болған әмбебап ұғымдар бар екені белгілі. Мәселен, қазақтың дүниетаным-дық және құндылықтық әлемі этикалық ұстындарды, негізінен, адамаралық қатынастарда өзектеп, биікке шығарып, оны барлық бағдарлардан жоғары қоятындығы анық көрсетіледі және осы ұстаным зерттеудің басымдылық танытатын әдіснамалық қағидасына айналған.

Әрбір этникалық мәдениет қазіргі кезеңде өзінің төлтумалық мәдениетін сақтау үшін ұлттық бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударуда, сондықтан оны сақтауға, әрі қарай дамытуға жанталасуда. Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен батыстық өрке-ниеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарды тереңірек зерттеу мәселесі тұр. Бұл мақсатқа қоғамды іштей рухани жағынан біріктіру, топтастыру, ешкімді дініне, көзқарасына қарап алаламау, сөйтіп, әрбір адамның әлемдегі өзіндік құндылығын бағалау, асқақтату сияқты теориялық іргетастарға әлеуметтік қатынастар негізделген жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Қазіргі кезеңде еліміз «Қазақстан-2050» Стратегиясы негізінде өзінің болашағын анықтау үстінде, сонымен бірге әрбір қазақстандықтың көңілінде жатқан көптеген сұрақтардың шешімі табыла бастауы мүмкін. Ал, енді экономиканы, әлеуметтік мәселелерді бір жүйеге келтіру арқылы қоғамға тиімді рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруға болады деген үстірт пікір бар. Себебі руханилық қолайылықтан туындамайды. Керісінше, ол қиындықты адамдар жұмыла отырып бірге жеңе білуге үйрену, ешкімді шыққан тегі мен түр-түсіне, өмір сүру салтына қарап шеттетпеуден басталады. Ал, биік деңгейдегі руханилық пен мәдениет орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыт-тылыққа жеткізеді. Қазақ ойшылдарының шығармашылығында еркін ойлауға негізделген осындай бағыттағы даналық үлгілері көптеп кездеседі. Абайдың кісілік философиясының мәні мен маңызы да осында.

Тарихи үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. Адамның әлемге қатынасын айқындаушы факторлар Ақиқаттың заңдылығымен, оның үйлесімділікке толы ұстанымдарымен астасып жатады. Ал енді бір кезеңдерде өткен көшпелі мәдениетке сай құндылықтар жүйесі өзінің ділінде адамның табиғатпен үйлесімділігін дәріптеумен ерекшеленеді. Дәстүрлі қоғамның рухани құндылықтары көбінесе адамды тұрақтылыққа, әсемдікке жетелейді, оның бойындағы бояулар нәзік лирикамен көмкерілген, техногендік прагматизмнен, утилитаризмнен алыстау болып келеді.

Сондықтан қазіргі заманның өркениетті бағдарлары, ақпараттық технология мен нанотехнологияға бетбұрған постиндустриалдық дамуы дәстүрлі қоғамның рухани байлығын тұтастай жоққа шығармауы тиіс, оны тиісті жерінде бейімдеп пайдалана білгені жөн.

Тәуелсіз мемлекет, асылы, айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарсыз ойдағыдай дамымайды. Өткеннің барлығы із-түзсіз жоғалып кетпейді. Оның есесіне ұлт санасында ертегі-аңыз, эпос халықтың философиялық пайымдау жүйесінің өзегі болып, тарихтың қатпар-қатпар қойнауында жинала бермекші. Егер Қазақстанға жағырапиялық және әлеуметтік-мәдени шолу жасасақ, біздің еліміз Батыс пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл фактор қазақ халқының кешегі, бүгінгі және болашақтағы рухани болмысына, құндылықтар әлеміне және дүниетанымына әсерін тигізбей қоймайды. Ендеше біз үшін мәдениеттің экономика мен саясатқа қарағанда артықшылығы басымырақ. Дәстүрлі қазақ қоғамын осындай өркениеттік әдіснама бағытында зерттеу қомақты философиялық нәтижелерге жетелейді.

Кеңестік дәуірден кейінгі уақытта қазақ және түркі философиясы арасындағы рухани-мәдени байланысты тереңдету мәселесі өзекті бола түсуде. Сонымен қатар ХХ ғасырда кең дами бастаған жаңа философиялық ойлау мен пайымдау типтерін игеру маңызды болып отыр. Өйткені оларда демо-кратиялық мәдениеттің, азаматтық қоғамның қалыптасуы, рационалдықтың жаңа моделі көрсетілген. Бұл тәжірибе біздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, ұлттық философиямыз бен мәдениетімізді атамекенде өркендетуге теориялық-әдіснамалық көмек береді, басқа мәдени кеңістіктермен сұхбаттық қатынаста болуға шақырады.

Теоретико-методологические основы исследования истории казахской философии

Касабек А.К., профессор Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова, доктор философских наук, профессор.

Нысанбаев А. Н., советник директора Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор.

Нурмуратов С.Е., заместитель директора Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор.

Аннотация: Концептуально-мировоззренческой основой исследования казахской философии должно стать историко-философское осмысление этического и аксиологического содержания тюркского и казахского миропонимания, определение исторической рациональности, менталитета и ценностных ориентаций народа.

Впервые в казахстанской и мировой философии вводится представление о целостной природе казахской философской мысли в историческом процессе, что позволяет принципиально по-новому взглянуть на сущность этнофилософии. Особенности этнофилософии состоит в ее постоянно осуществляющейся духовной преемственности, которая пока еще представлена в исследовательских изысканиях дискретно и поверхностно.

При этом духовная преемственность народа принципиально отличается от простой последовательности исторических событий, буквально по всем параметрам – от мифологических понятий тюркского мира до формирования целостного мировоззрения казахского этноса в этнокультурном развитии.

Кроме того, вводится представление о целостной природе казахской философской мысли в историческом процессе, что позволяет принципиально по-новому взглянуть на сущность этнофилософии.

Ключевые слова: Казахская философия, просветительство, духовность, история, идея, независимость.

Kasabek Amanzhol Kasabekovich, professor of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Doctor of Philosophical Sciences, professor.

Nisanbayev Abdumalik Nisanbayevich, Advisor of Director of the Institute for Philosophy and Political Science, Religions Studies of SC, MES RK, Academician of NAS of RK, Doctor of Philosophical Sciences, professor.

Nurmuratov Serik Esentaevich, Deputy Director of the Institute for Philosophy, political science and religions studies, SC MES RK, Doctor of Philosophical Sciences, professor.

Поступила 11.09.2015 г

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 303 (2015), 156 – 166

UDC 340.35

**THE CONSTITUTIONAL REFORM IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AS THE BASIS OF THE DEVELOPMENT OF THE CIVIL SOCIETY**

Z.K. Ayupova¹, D.U. Kussainov²

zaure567@yandex.ru

¹Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: constitutional reform, state power, democratization of the society, interests of the people, civil society, local self-government, reform of the executive power, maslikhat's competency, political parties, public organizations.

Abstract. Constitutional reform in the Republic of Kazakhstan is the basis of all democratic processes in our country. The Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan “Nurly zhol - way of the future” focuses on the development of the civil society and social modernization. Social modernization of Kazakhstan's society requires the significant improvement of the system of public administration. An important role in the development of Kazakhstan's state belongs the formation of the local government as an essential symbol of the democratic state and the precondition for further progressive development of the civil society. Local government as the direct expression of the people's power very close to the population, concerns the interests of each citizen, decides most of its everyday problems. Important thing is that local government, being the level of public authorities, at the same time is the form of self-organization, which is the successful formation of the civil society. Therefore in the local self-government the citizen take part in the creation of decent living conditions in their territory, forming responsibility for solving local problems, increases their social civil activeness and serve as a real mechanism of population's control over the activities of the authorities. The local government is seen as an important institution that prevents the conflicts between groups of citizens, contributes to social and economic developed territory and sustainable development of the country as a whole. It can be expected that with the development of Kazakhstan real self-government significantly accelerate the process of transforming the country towards civil forming of the society and socially-oriented economy. Given the importance of local self-government for effective solution of social, economic problems in view of features of each region, local self-government guaranteed by constitutional law practically all developed countries of the world that the European Charter of Local fixed self-government.

УДК 340.35

**КОНСТИТУЦИОННАЯ РЕФОРМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА**

З.К. Аюпова¹, Д.У. Кусайнов²

zaure567@yandex.ru

¹КазНУ им. аль-Фараби, факультет международных отношений, г. Алматы, Республика Казахстан

²КазНПУ им.Абая, исторический факультет, г. Алматы, Республика Казахстан

Ключевые слова: конституционная реформа, государственная власть, демократизация общества, интересы народа, гражданское общество, местное самоуправление, реформа исполнительной власти, полномочия маслихатов, политические партии, общественные организации.

Аннотация. Конституционная реформа в Республике Казахстан является основой всех демократических процессов, происходящих в нашем государстве. В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Нурлы жол- путь в будущее» уделяется особое внимание развитию гражданского общества и социальной модернизации. Социальная модернизация казахстанского общества требует существенного совершенствования системы государственного управления. Важное место в развитии казахстанской государственности в этой связи отводится формированию в республике местного самоуправления как неотъемлемого атрибута демократического государства и неперемного условия дальнейшего поступательного развития гражданского общества. Местное самоуправление как непосредственное выражение власти народа максимально приближено к населению, затрагивает интересы

каждого гражданина, решает большинство его повседневных проблем. Важным моментом является то, что местное самоуправление, являясь уровнем публичной власти, одновременно выступает и формой самоорганизации граждан, без чего невозможно успешное формирование гражданского общества. Поэтому местное самоуправление позволяет гражданам сознательно участвовать в процессе создания достойных условий жизни на своей территории, формирует ответственность за решение местных проблем, повышает их социальную и гражданскую активность, служит реальным механизмом контроля населения за деятельностью органов управления. Местное самоуправление рассматривается как важный институт, который предотвращает конфликты между отдельными группами граждан, способствует социально-экономическому развитию территории и устойчивому развитию страны в целом. Можно ожидать, что со становлением в Казахстане реального самоуправления значительно ускорится процесс преобразования страны по пути формирования гражданского общества и социально-ориентированной экономики. Учитывая важность местного самоуправления для эффективного решения социально-экономических проблем с учетом особенностей каждого региона, местное самоуправление гарантируется конституционным законодательством практически всех развитых стран мира, что зафиксировано Европейской хартией местного самоуправления.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАРЫ - АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө.
zaur567@yandex.ru

Кілттік сөздер: конституциялық реформа, мемлекеттік билік, қоғамды демократияландыру, халық мүддесі, азаматтық қоғам, жергілікті өзін-өзі басқару, атқарушы билікті реформалау, маслихаттар өкілеттілігі, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар.

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының Конституциялық реформа біздің еліміздегі барлық демократиялық үдерістердің негізі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жолы-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы азаматтық қоғам мен әлеуметтік жаңғыртудың дамытуға бағытталған. Қазіргі заманда қоғамды демократияландыру қажеттіктері Қазақстандық қоғамды әлеуметтік жаңғырту мемлекеттік басқару жүйесін елеулі жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты Қазақстандағы мемлекеттің дамуында маңызды рөл атқаратын демократиялық мемлекет және одан әрі прогрессивті даму азаматтық қоғам үшін шарты ретінде жергілікті билік қалыптастыру республикада ерекше орынға ие. Халыққа жақын халық мүддесін тікелей білдіру ретінде жергілікті билік, күнделікті проблемаларды үнемі шешеді. Сондықтан олардың аумағында лайықты тұрмыс жағдайларын жасау, олардың әлеуметтік мүдделерін азаматтық белсенділіктерін арттырады және нақты тетігі ретінде қызмет етеді жергілікті проблемаларды шешу үшін азаматтардың жауапкершіліктерін арттырып өзін-өзі саналы бақылау қызметіне халықты дайындайды. Жергілікті билікте азаматтардың топтары арасындағы қақтығыстарды болдырмауды маңызды институт ретінде қарастырылады, әлеуметтік және экономикалық даму аумағында және тұтастай алғанда елдің тұрақты дамуына ықпал етеді. Ол Қазақстанның реалды өзін-өзі басқаруы мен дамуында айтарлықтай азаматтық қоғаммен және әлеуметтік-бағдарланған экономикасының одан әрі қарай дамытуға бағытталған іс-шара болып есептеледі. Ерекшеліктерін ескере отырып әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тиімді шешу үшін жергілікті өзін-өзі басқару маңыздылығын ескере отырып конституциялық заңмен кепілдік беріп, жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі қарай жетілдірген дұрыс.

Биілғы жылғы мемлекет басшысы ұсынған бес институттық реформаны жүзеге асыру бағытындағы 100 нақты қадамның практикалық жағдайларында азаматтық қоғам институттарын дамытуға ерекше көңіл бөлінген, бұл қоғамды демократияландырудың нақты қадамдарының бірі деп түсінуіміз керек. Қоғамды демократияландырудағы конституциялық реформаның түпкі мақсатының бірі азаматтық қоғам қалыптастыру екендігі сөзсіз. Сонда, азаматтық қоғам ұғымын «мемлекеттік билік органдарының тікелей қол сұғуынан заң жолымен қорғалған азат адамдар мен азаматтардың ерікті түрде өздері құрған одақтары және ұйымдарының жиынтығы» [1, 70 б.] деп қарастыра болсақ, ол туралы профессор Қ.Д. Жоламанның: «көптеген институттар бір мезгілде, азаматтық қоғамның және мемлекеттің құрамды бөліктері болып табылады. Оларға саяси партиялар мен олардың арасын байланыстыратын қызмет ортасын белгілейтін ұйымдар жатады» деген анықтамасы оны нақтылай түседі [2, 120 б.]. Ал, біздің ойымызша, азаматтық қоғам мемлекеттік қатынастардан тыс барлық мемлекеттік емес қарым-қатынастар жиынтығын білдіреді. Солай бола тұра, ол мемлекетпен тығыз байланысты. Сондықтан, осы ұғым аясына кіретін институттардың басты белгісі - өзін-өзі реттеу және индивидтер болмақ. Атап айтқанда, осы зерттеу жұмысы аясында мұндай

институттар қатарында біз жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару, Қазақстан халқы Ассамблеясы, саяси партиялар сияқты қоғам өміріндегі маңызды институттарды қарастырамыз. Қазақстан Республикасында жергілікті маңыздағы мәселелерді халықтың өз бетінше шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылғандығы белгілі. Ал, мемлекеттік жергілікті басқару өзінің билік функцияларын жергілікті атқарушы және өкілдік органдар арқылы атқарады. Сонда, бұл жерде мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың айырмашылығы неде деген заңды сұрақ туындайды. Мемлекеттік басқару органдары мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады және іс-әрекет үшін жауапты болса, ал өзін-өзі басқару болса халықтың мәселені өз бетінше шешуін қамтамасыз етеді. Жергілікті өзін-өзі басқару құқықтық мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздерін нығайта түсу арқылы осы заманның басты мақсат-мұраттарының бірі болып табылатын мемлекеттің, қоғам мен жеке адамның мүдделерін біртұтастыққа келтіруді жүзеге асыруды көздейді. Өйткені, жергілікті басқарудың негізгі мән-мағынасы әрбір жеке адам деңгейінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекет пен қоғамның мүдделерімен үйлестіруді жүзеге асырудан тұрады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың осындай бағыт ұстануы - адам, оның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық болып табылатын демократиялық құқықтық әлеуметтік мемлекеттің идеясына сай келеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару – жария билікті ұйымдастырудың маңызды элементтерінің бірі. Оның ерекшелігі, заң әдебиеттерінде айтылып жүргеніндей, екі қасиетінен көрінеді: біріншісі - саяси, екіншісі - қоғамдық. Бір жағынан алып қарасаңыз, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекетті басқарудың біртұтас жүйесіне кіргізілген. Жергілікті өзін-өзі басқару заңдар мен өзге нормативтік актілер негізінде әрекет етуші аппаратқа ие, олар өз беттерінше жергілікті бюджетті қалыптастырады, салықтар белгілейді. Тағы бір жағынан, жергілікті өзін-өзі басқару азаматтық қоғамның маңызды институты болып табылады. Бұл институтты биліктің және қоғамдық институт ретінде қарастырғанда басқару субъектісі мен объектісінің сай келетіндігі байқалады. Өзін-өзі басқару еркіндік, теңдік және басқаруға тікелей қатысу қағидаларына негізделеді. Сондықтан, осы орайда, Л. Жанұзақованың «Біздің ойымызша, жергілікті өзін-өзі басқару туралы дербес, толықтай мемлекеттен тәуелсіз процесс ретінде айтуға мүлдем негіз жоқ. Мемлекет жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындай отырып, оған ерікті түрде өзінің жергілікті жердегі мәселелерді шешу жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігін береді» деген көзқарасымен толық келісуге болмас деп ойлаймыз [3, 237 б.]. Дегенмен де, бүгінгі күні мемлекет пен өзін-өзі басқарудың бірлесіп жұмыс істеуі, сондай-ақ билік органдары әрекеттестігінің теориялық және құқықтық аспектілерінің мәнін ғылыми талдама көзқарасы тұрғысынан түсінуі, мемлекет пен қоғамның, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның ара қатынасындағы өзекті проблема болып отырғандығы да жалған емес. Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша А. Тарановтың «қоғамдықты мемлекеттікке (қоғамдық немесе мемлекеттік өзін-өзі басқару), жеке адамды әлеуметтік топқа қарсы қоюдан емес, ал әлеуметтік қарым-қатынастардың анағұрлым терең «қатпарларында» жатыр деген пікірі арқылы дұрыс тұжырымдама жасауға болатын сияқты [4, 13 б.].

Осы уақытқа дейін жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері өз шешімін таппай келген еді. Еліміздегі мемлекеттік-саяси институттарды реформалау нәтижесінде мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесі нығайды. Әртүрлі елдердің практикасында жергілікті басқарудың бірнеше үлгілері бар. Ал, Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды ажыратуға негізделген өзіндік жергілікті басқару үлгісі пайда болды. 1993 жылға дейін Қазақстанда билікті бөлу қағидасын жоққа шығарған және тиісті аумақтағы өкілді органдардың толық билігіне негізделген кеңестік үлгі орын алды. Дегенмен, 1991 жылы «Қаз ССР Жергілікті өзін-өзі басқару және халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» заң арқылы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ендіруге алғашқы әрекеттер жасалған болатын [5], ал арада он жыл салып тәуелсіз елдің жаңа заңы да қабылданғаны белгілі [6]. Нақтылап айтқанда, тек заңдарды қабылдап қою жеткіліксіз екендігі белгілі, сондықтан да, «жергілікті өкілдік және атқарушы органдар жүйесін түбегейлі реформалау қажеттілігі оның бағытын, сипаты мен қарқынын айқындайтын экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық себептер кешеніне негізделеді» [7, 84 б.]. Бірақ, саяси құрылымды демократияландыру мен халықтың өзін-өзі басқаруын дамыту оның орталық звеносы болып табылатын өкілдік жүйесіне жанаспай өте алмайды. Сондықтан, өкілдік жүйесінде де өзгерістер жасалды, бұл жүйеге парламентаризм элементтері енгізіле бастады, сайлау жүйесін әрі қарай демократияландыру процесі жүруде. Қазақстан Президенті Н.А. Назарбаев

Конституциядағы жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты 2007 жылғы өзгерістерді іргелі өзгерістер деп атап көрсетті. Реформа жүргізу нәтижесінде, жергілікті өзін-өзі басқару институтын қалыптастырып қана қоймай, жергілікті өзін-өзі басқаруға кепілдік беруді қамтамасыз ететін биліктің әртүрлі деңгейлеріндегі тежемелік және тепе-теңдік жүйесін де бекіту елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды қадамдардың бірі. Өйткені, сонда ғана осы институттың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Реформа жүргізу бір күндік шешім еместігі баршаға аян. Жалпы алғанда, 1995 жылғы Конституция қабылданған соң мемлекеттік басқару органдарын реформалау жүргізілгендігі және жүргізіліп келе жатқандығы белгілі. Осы 1995 жылғы Конституцияның VIII бөлімінде жергілікті мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесінің негізгі қағидалары белгіленген. Бұл нормаларда жергілікті мемлекеттік басқару билігінің негізгі екі тармағы бөліп көрсетілген: атқарушы органдар мен өкілді органдар. Жергілікті өкілді органдар өз қызметін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырады, ал жергілікті өзін-өзі басқару, яғни азаматтар оның органдарының ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібін өздері айқындайды. Өкілді органдар үш деңгеймен құрылады: жоғарғы өкілді орган – Парламент; жергілікті өкілді орган – Мәслихат; жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органы. Бұл үшеуі де өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді. Бірде-біреуі өзгесіне есеп бермейді. «Мемлекеттік билік органдарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп әрекет жасау тиімділігі олардың ортақ мақсатқа қаншалықты тез және айқын жетуімен және алдына қойылған ортақ міндеттерді шешумен өлшенеді» [8, 129 б.]. Қазақстан Республикасы Конституциясында (86, 87 бап) мәслихаттардың қарауына нақты нелер жататындығы анық көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік органдарының орталықтандырылған жүйесі иерархиялық құрылымды көрсетеді. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар арасында құзыреттері бөлінген, мәслихаттар мен әкімшіліктер аймақтық деңгейдегі биліктің екі тармағы, бірақ жоғарғы билік органдарымен ұқсас салыстыруға келмейді.

Жергілікті деңгейде билік тармақтарының функциялары жоғары тұрған билікке қарағанда өзара тығыз, ол нақты мәселелерді шешуге байланысты болатын. Өкінішке орай, олардың арасындағы үйлесім атқарушы органдар жағына қарай тартып кеткендіктен, өзара теңдік және өзара бақылау қағидасы жоққа шығарылды, мәслихаттар мен жергілікті халық тарапынан әкімшілікке бақылау әлсіреді. Мәслихаттарға Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына әкімді қызметінен босату туралы мәселені қоюға берілген құқық, ол тек құқық қана, сондықтан ол әкім қызметінен кете қояды дегенді білдірмейді. Әзірге мұндай практика бізде орын алған жоқ. Дегенмен, «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заң мәслихаттар мен әкімдіктер арасында бірқатар сәйкестенген ара салмақты бекітіп берді. Негізі, әкімді қызметінен босату туралы мәселе, егер ол құқық бұзғаны үшін сот шешімі бойынша кінәлі деп танылса, онда бірден шешімін табу қажет. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы Қазақстан Республикасы Заңында мемлекеттік қызметкерлер саяси және әкімшілік қызметкерлер болып бөлінген. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін республика Президенті тағайындайды. Олар «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 7-бабы 2-тармағы 1-тармақшасына сәйкес, саяси мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Президент айқындайтын тәртіпте сайланбаған, бірақ тағайындалған өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері де саяси мемлекеттік қызметкерлер болып саналады, олар Президент пен Үкіметтің өкілдері. Егер әкімдер бұдан былайғы жерде сайланатын болса, олар саяси мемлекеттік қызметкерлер санатына жататын бола ма, жоқ па, ол жағы белгісіз. Егер мұндай әкімдер саяси мемлекеттік қызметкерлер болмаса, онда әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер бола ма, ол жағы да белгісіз. Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер сайланбайды, алайда конкурстық іріктемеден өтеді. Аталған Заңның 11-бабында саяси мемлекеттік қызметке қандай адам қабылдануы мүмкін екендігі туралы мәселе кеңірек қарастырылған. Мемлекеттік саяси қызметкерлерді қызметке алу, тағайындау не сайлау негізінде, сондай-ақ заңдарда белгіленген тәртіп пен шартта жүзеге асырылады. Сөйтіп, бұл норма сайланған әкімнің саяси мемлекеттік қызметкер санатына жатқызылуына тыйым салмайды.

Бұл орайда жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізін әрі қарай да қалыптастыру қажет, ол үшін мынадай алғы-шарттарды ескеру керек болады деген пікірдеміз:

- аумақтық бірліктердің өзін-өзі басқаруы мемлекеттік басқарудың кез келген демократиялық нысанының бір негізі болып табылады;

- шынайы құзыретке ие аумақтық қауымның өзін-өзі басқаруы азаматтардың мемлекеттің алдыға қойған мақсаттарға жетуіне мүдделі болуын қамтамасыз ететін, басқаруды анағұрлым тиімді етеді;

- демократиялық негізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қорғау және нығайту мемлекет беделін арттыруға жәрдемдеседі [9, 25 б.].

Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді органдар мен жергілікті атқарушы органдардан тұрады. Ол мемлекеттің құрамдас бір бөлігі болып табылады және Республика үшін біртұтас мемлекеттік қызмет қағидаларын басшылыққа алады. Ғ.С. Сапарғалиевтің тұжырымы бойынша «жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік биліктің туындысы» [10, 434 б.]. Сонда, жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік билік органдары жүйесіне кірмегенімен, өзінің табиғатына қарай жария биліктің бір бөлігі болып табылады. Өйткені, жергілікті өзін-өзі басқару Конституция мен заңдарға сәйкес әрекет етеді, сөйтіп мемлекет туындысы болады. «Бұл тәуелсіз билік емес, ол өз шегінен шығып кете алмайды – олай болмаған жағдайда мемлекеттік билік органдары араласуға құқылы» [11, 230 б.]. Сондықтан, осы жерде жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ұғымдарының арақатынасына байланысты мәселені қарастырып өту керек. Қазақстан Республикасы Конституциясында жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару ұғымдары бір бөлімге біріктірілгендіктен, бұл екі ұғымның арасында тығыз байланыс бар екендігі айқын. Біздің пайымдауымызша жергілікті өзін-өзі басқару қоғамдық сипатқа ие, сондықтан ол азаматтық қоғамның құрамдас бір бөлігіне айналған. Алайда, азаматтық қоғамды бұл жерде мемлекеттен оқшау тұрған құрылым ретінде қарастырмау керек, ал тұтастай қоғамдық өмірдің бір аспектісі ретінде қарастырған дұрыс болады деген ойдамыз. Демократиялық конституциялық мемлекетте қоғам бір мезгілде мемлекетпен басқарылатын және өзін-өзі реттеуші жүйе ретінде де қызмет етеді, ал конституциялық мемлекет – басқарушы жүйе ретінде, сонымен бірге өзін-өзі реттейтін азаматтық қоғамға да тәуелді болады. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің мемлекетпен тығыз байланысы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілетін мүмкіндіктерінен айқын көрінеді (ҚР Конституциясының 89-бабы 1-тармағы).

Ресейдің жетекші заңгерлерінің бірі Б. Мирошниченко жергілікті өзін-өзі басқару ұғымының қазіргі заманғы талдамасында оның үш аспектісі бар екендігін айтады, олар: әлеуметтік, функционалдық және институционалдық аспектілер. Әлеуметтік тұрғыдан жергілікті өзін-өзі басқару субъектісі туралы мәселе басты орында болады. Функционалдық аспектіде жергілікті өзін-өзі басқарудың мазмұны мен функцияларының жіктелуіне, олардың мемлекеттік басқару функцияларымен ара қатынасына басты назар аудару керек. Институционалдық аспектіде жергілікті өзін-өзі басқару – бұл демократиялық институттар жүйесі, солар арқылы жергілікті қауым заң шеңберінде өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асырады. «Бұл басқару нысанына өкілдік және атқарушы органдардың өзара қарым-қатынасының параметрлерін алып келуге болмайды» дейді ол [12, 142-143 б.]. Осы жерде бұл тұжырымды толықтыра кетсек артық болмас, жалпы біздің көзқарасымыз бойынша жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың басты қағидаларына мынадай ережелерді қосып қарастыру керек: 1) әкімдер сайланбай тұрып, билікті орталықсыздандыруды шынайы жүзеге асыру мүмкін емес. Әкімдердің халық, атап айтқанда сайлаушылар алдында есеп беруі ғана мәселені шешуге жол береді. 2) аймақтардың дербес болу мәселесі олардың қаржылық дербестігіне негізделетіндігі түсінікті. Себебі, жергілікті өкілді органдар – маслихаттар мен атқарушы – жергілікті әкімшілік мемлекеттік басқару органдары ретінде жер-жерлерде өмірдің барлық саласында басшылықты жүзеге асырады. Бірақ басшылық процесі субъектілер мен объектілер арасындағы екі жақты тұрақты байланыстың болуын көздейді. Сондықтан, қоғамды реформалау процестері жергілікті өкілдік және атқарушы органдар жүйесіне сөзсіз ықпал жасайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабында Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады деп жарияланған. Осы бапты талдап қарағанда, жергілікті өзін-өзі басқару институтын мемлекет құрмайтындығы керісінше азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруынан туындайтын нысан екендігі байқалады. Өзін-өзі басқару құқығын іске асырудың тәжірибелік мәселелері туралы А. Таранов мынадай ұсыныстар айтады: а) жергілікті өзін өзі басқару

органдарының сайлануы; а) жергілікті мақсаттағы аса маңызды мәселелер бойынша халыққа сұрау салуға бастамашылық жасау; б) құқық шығармашылығын халық бастамасымен алға жылжыту; в) халықтың нұсқаулардың орындалуын бақылауға қатысуын ұйымдастыру; г) басқа жергілікті бірлестіктермен бірігіп ассоциация құру; д) жергілікті өзін-өзі басқару жарғысын бекіту [13, 10 б.].

Алайда, біздің республикамызда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі әлі шынайы жұмыс істемей келеді. Тек заңда бекіту арқылы ғана жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің өз бетінше жұмыс істеп кетуі неғайбыл. Сонымен бірге заңда қандай үлгі негіз етіп алынатындығы да тура көрсетілмегендіктен, көптеген мәселелер айқындауды талап етті. Мәселен, Л.Т. Жанұзақова «Кеңестер жүйесінің біртұтастығы олардың өзін-өзі басқару органдары ретіндегі жағдайына қайшы келмеді ме? Өйткені, Кеңестер жүйесінің біртұтастығын сақтап қалу жоғары тұрған органдардың шешімдерінің төмен тұрғандар үшін міндетті болуын, міндетті нұсқаулар беру құқығын, соңғылардың заңға қайшы актілерін вертикаль бойынша бұзу құқығын, жоғары тұрған өкілдік органдардың төмен деңгейде тұрған Кеңестердің арасындағы қайшылықтарды қарауын көздейді ғой» деп бұрынғы жүйедегі орын алған кемшіліктердің басты себептерін талдап көрсетеді [3, 239 б.]. Теориялық база ретінде жергілікті өзін-өзі басқаруды конституциялық-құқықтық реттеуде жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясында бекітілген муниципалдық демократия мен муниципалдық басқарудың көпшілік мойындаған құндылықтары болып бекітілуі оны дұрыс жолға қоюға негіз болған еді. Бұл хартияны Еуропа кеңесі 1985 жылғы 15-қазанда қабылдаған болатын және осы құжатта:

- жергілікті өзін-өзі басқару кез келген демократиялық құрылымның негізі екендігі;
- азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысу құқығын жергілікті деңгейде тікелей жүзеге асыруға болатындығы;

- шынайы билікке ие жергілікті өзін-өзі басқару органдарының болуы тиімді және бірмезгілде азаматқа жақын басқаруды қамтамасыз ететіндігі;

- демократиялық жолмен құрылатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз құзыреттеріне, оны жүзеге асыру тәртібіне қатысты ауқымды автономияға және осы іске асыру үшін қажетті құралдарға ие болуы керектігі бекітілген [14, 4 б.]. Ендеше, «жергілікті өзін-өзі басқару мемлекетке тиесілі арнаулы функциялары бар жүйе ретінде «жоғарыдан» енгізіле алмайды, ал, азаматтардың бастамашылығы ретінде, олардың жергілікті сипаттағы жекелеген мәселелерін шешу үшін өздерін өздері ұйымдастыруға ұмтылысы ретінде «төменнен» пайда болуы тиіс» деген академик Ф.С. Сапарғалиевтің көзқарасы өте орынды [15, 271 б.].

Жалпы жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі екі жүйесі бар. Англо-американдық жүйеде жалпы сипаттағы әкімшілік-аумақтық бірлік болмайды. Еуропалық жүйеде жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өзін-өзі басқарумен үйлестірілген. Мәселен, Германияда ірі қалалар дербес аумақтық бірлікке бөлінген. Ірі елді мекендерде үкіметтік округтер құрылған, олардың аясында бірнеше уезд (аудан) біріктіріледі. Мұндай округке үкімет тағайындайтын президент басшылық жасайды. Округ басшысының негізгі функцияларының бірі жергілікті сайлау органдарының қызметін қатаң бақылауда ұстау болып табылады. Ал, Қырғыз Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды тиісті аумақ халқы сайлаған ауылдық, қалалық, аудандық, облыстық кенештер жүзеге асырады. Ресейде муниципалдық құрылым басшысын азаматтар жасырын дауыс беру арқылы, не жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері өз құрамынан сайлайды [16, 181 б.]. Жергілікті өзін-өзі басқару халық билігін ұйымдастыру жүйесі ретінде қарастырылмайтын елдер де бар. Мысалы, Өзбекстанда Халық депутаттары кеңесі облыс, аудан, қалалардағы өкілді орган болып табылады, оларды, бірмезгілде атқарушы билік басшысы болатын және вертикальды жолмен тағайындалатын хокимдер басқарады.

Қазақстанда, 2007 жылғы 21-мамырдағы конституциялық заң қабылданғанға дейін маслихаттар әкімдерді тағайындау процесіне де, әкімдердің саясатына да араласуға ешқандай ықпал ете алмайтын. Енді Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабы 4-тармағына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың маслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды (бұрынғы норма бойынша Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Президент тағайындайтын). Сөйтіп, атқарушы құрылымның қызметіне араласпай-ақ, өкілді органдар басқару шешімдерін қабылдау процесіне ықпал жасау мүмкіндігіне

ие болды. Дегенмен, келісім беру рәсімінде үміткерді бекітуге қарағанда кандидатураны талқылауды да, бұл лауазымға сәйкестігі не сәйкеспейтуі туралы депутаттардың пікір сайысына уақыт беру де қарастырылмаған. Келісім беру ұсынылған үміткерді мақұлдауды білдіретін бір сәттік көрініс. Мәслихаттардың жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылауы атқарушы аппараттың заңдылықты сақтауын күшейтпек десек те, шешімін табуы қажет етіп отырған барлық деңгейдегі әкімдерді сайлау туралы мәселеге таяу болашақта назар аударуымыз қажет-ақ. Бұл мәселеге мәжіліс депутаты болған И. Чиркалин болса, «өте және өте абайлап қарау керек, ... дегенмен жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару мәселесі кезек күттірмей шешуді қажет етеді» деген пікір айтады [17]. Енгізілген өзгерістерге орай, әкімге сенімсіздік білдіру ресімі жеңілдетілді, бұрынғы норма бойынша мәслихат депутаттарының үштен екісінің даусымен қабылданатын болса, енді Конституцияның 87-бабы 5-тармағына сәйкес, Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді. Сөйтіп, мәслихаттар үшін тиісті аумақта тұратын халықтың мүддесі бірінші орында болса, ал жергілікті атқарушы органдар үшін жалпы мемлекеттік міндеттер басымдықты орында тұрады. Осы жерде «әкімдіктер мен мәслихаттардың белгілі бір айырмашылығы көрінеді, өйткені, мәслихаттар ең алдымен жергілікті халықтың еркін білдіруі тиіс, ал жалпы мемлекеттік мүддені ескерулері керек». Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің әкімі басқарады. Мәслихаттарға қарағанда атқарушы органдар аумақтық бөліністің барлық деңгейлерінде (облыс, қала, аудан, ауыл, село, поселке) бар. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік басқару жүйесінде өзіндік орны әлі де қалыптасып болған жоқ. Қалай болғанда да Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік биліктің орталық органдарымен бірлесіп әрекет жасауы конституциялық қағидалар негізінде атқарылуы тиіс, ол дегеніміз – жергілікті өзін-өзі басқарудың дербестігі мен тәуелсіздігіне апарар жол болмақ.

Біздің көзқарасымыз бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдары – жергілікті жерлердегі халықтың билікті іске асыру институты, сондықтан ол белгілі бір жүйе емес болғандықтан, әр жердегі өзіндік ерекшеліктеріне қарай басқару тәсілінде айырмашылықтардың болуына жол беріледі. Сол үшін осы басқару нысаны реттейтін қоғамдық құқықтық қатынастарды бөліп көрсетуге болады, олар мынадай:

- өзін-өзі басқару нысанын таңдауға байланысты қарым-қатынастар;
- өкілдік органдардың бірлесіп жұмыс істеуіне байланысты қарым-қатынастар;
- жергілікті жердегі мәселелердің шешімін табуын қамтамасыз ететін шаруашылықты басқару бойынша халық билігін іске асыруға байланысты қарым-қатынастар.

